



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Президентке Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы мәлімет берді.

Өңір әкімі Мемлекет басшысына аймақ экономикасының барлық негізгі саласының дамуында оң үрдіс сақталып отырғанын айтты. Облыстағы өндіріс көлемі 5,8 пайызға, ауыл шаруашылығы 1,7 пайызға ұлғайған. Ал сауда мен құрылыс салаларының даму көрсеткіштері 1,6 есе өсті. 198,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл 2022 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 11,2 пайызға көп. Облыс экономикасына 213,9 миллиард теңге инвестиция қабылдаған. Оның 56 мың тоннасы өңделіп, 7 мың тонна қант алынған.

Облыста су жүйесін қайта жаңарту және салу үшін 22 жобаның іске асырылып жатқаны туралы баян-

далды. Ал 22 елді мекен, соның ішінде Талдықорған қаласына газ құбыры тартылып, 288 мың адам көгілдір отынмен қамтылған. Биыл 20 елді мекенде құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Облыс әкімі әлеуметтік нысандар салу мәселесіне арнайы тоқталды. 2023-2025 жылдары 8,8 мың орындық 16 жаңа мектеп салу жоспарланған, соның ішінде 6600 орындық 7 оқу ордасы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынады және 1800 орындық 2 мектептің құрылысы биыл басталған. Денсаулық сақтау саласы бойынша 8 нысанның құрылысы жүргізіліп жатыр. Жергілікті бюджет есебінен 21 блокты-модульді кешен салынған. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2025 жылға дейін тағы 59 нысан салу жоспарланған. Ал мәдениет саласында 5 нысанның құрылысы жүргізіліп, тағы 8 нысан күрделі жөндеуден өткізіліп жатыр.

Мемлекет басшысына биыл облыста 14 спорт нысаны салынып жатқаны жөнінде айтылды. Сонымен бірге жергілікті бюджет есебінен 3 блокты-модульді кешен салынады. Ал демеушілер есебінен Талдықорған қаласында жыл бойы жұмыс істейтін «Jetysu Arena» жабық спорт кешені іске қосылған. Бұл кешенге 867 миллион теңге инвестиция салынған.

Жетісу облысындағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 3988 шақырым. Биыл облыстық маңызы бар 221 шақырым жол мен 73 елді мекендегі 249 шақырым ауылылық жолдарды салу және қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

Қасым-Жомарт Тоқаев облыстың даму қарқынын оң бағалап, осы бағыттағы жұмыстарды одан әрі жалғастыруды тапсырды.

## ЖАУЫН СУЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН АУЫЛДАРДЫ АБАТТАНДЫРУ АЯҚТАЛУДА



Ескелді ауданының Абай, Ешкіөлмес және Қарабұлақ ауылдарында жауын салдарынан ауалары мен үйлеріне су кірген тұрғындармен тамыз айында облыс әкімі Бейбіт Исабаев жүздесіп, үйлерін аралап көрген болатын. Сол кездесуде баспаналарын қалпына келтірумен қатар тұрғындар аталған ауыл көшелерінің жөндеуі мен жарықтандыру мәселелері туралы айтқан еді. Бүгін Ескелді ауданына жасаған жұмыс сапары барысында облыс басшысы Абай, Ешкіөлмес және Қарабұлақ ауылдарында төтенше жағдайдан кейінгі атқарылған жұмыстарды көріп, тұрғындармен тілдесті. Осы күні облыс басшысы

Абай, Қарабұлақ, Ешкіөлмес ауылдарындағы бірнеше көшені аралап көрді.

Жаңбыр суынан зардап шеккендердің бірі – Бейбіт Өкешев. Үйі апатты деп танылғандықтан Өкешевтер отбасына Қарабұлақтан баспана сатып әперілген. Үй иесі Қарабұлаққа келген облыс әкіміне жаңа қонысының қазіргі жай-күйін көрсетіп, өз ризашылығын жеткізді.

Абай ауылында су басып қалған үйімді комиссия жарамсыз деп тауып, бір ай шамасында өз келісімімен Қарабұлақтан баспана сатып әперді, қазір сол қонысқа көшіп келіп отырмын. Бұрынғы үйімде көмір тасып, от жағатынбыз. Бұл үйге газ қосылған. Бес бөлмелі. Біз жас отбасымыз. Өсіресе, қолымдағы жасы егде тартқан әке-шешеме жайлы болғанына қуандым. Өзім көлік жүргізуші болып жұмыс істеймін. Қиын кезде біз өзіміздің жалғыз емес екенімізді сезіндік, - дейді Б.Өкешев.

Бейбіт Исабаев Ешкіөлмес ауылында да тұрғындармен пікірлесті. Ауыл азаматтары өткен жолғы кез-

дескенде айтылған көшеге асфальт төсеу, жарық шамдарын орнату туралы өтініштерінің орындалғанын тілге тиек етті. Сол сияқты Қарабұлақ пен осы ауыл аралығына жүретін қоғамдық көліктің маршруты ұзартылып, қатынас жиілігі де артқан. Нөсер салдарынан бүлінген үйлері де уақытылы қалпына келтірілген. Ендігі тілек, су басы қаупін болдырмау мәселесі назардан тыс қалмаса екен дейді олар. Облыс басшысы бұл ретте жүйелі жұмыстар атқарылып жатқанын айтты:

-Ең бастысы, қатты суыққа ұрынбай, қыс түспей жайлы, жаңарған үйге кіріп үлгердіңіздер. Көшелеріңізді абаттандыру жұмыстары да кезең-кезеңімен істеліп жатыр. Ауылға мектеп салу туралы ұсыныстарыңызға да қолдау көрсетеміз. Біз өз тарапымыздан елді мекендерге су жайылу проблемасының алдын алу ісін қолға алып, түбегейлі шараларды қабылдап жатырмыз, - деді Б. Исабаев.

Аудан әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, үш ауылдағы су басыу оқиғасынан кейін арнайы комиссияның сараптамасы мен бағалау қорытындысында жалпы саны 105 үйдің зардап шеккені анықталған. Соның ішінде 22 үй бұзуға жатады, 83 үй күрделі жөндеуге жарамды деп танылған. Зардап шеккендердің баспана

## ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыс басшысы Ескелді ауданының тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысын соңғы жарты жылда атқарылған әлеуметтік-экономикалық даму жұмыстары бойынша есеп беріп, ауданымыздағы бірқатар жетістіктер пен көрсеткіштерге тоқталып өтті.

## АУДАН ӘКІМІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ТӨЛ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерін аудан әкімі Елдос Тұрсынбайұлы төл мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Сондай-ақ жұмысымен ерекшеленген қызметкерлерді облыс, аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапаттады.

ЖШ АҚПАРАТ

мәселесін шешу үшін облыстық резервтік қордан 336,7 млн. теңге қарастырылды. Соның негізінде 22 тұрғын үй сатып әперіліп, 83 үйдің 78-іне жөндеу жұмыстарына қаржылай көмек көрсетілген, 5 үйдің құжаттарын заңдастыру жалғастырылуда.

Сонымен қатар Абай ауылындағы Бақтыбай көшесіне 3,1 млн. теңгеге 32 жарық шамы орнатылған. Ешкіөлмес ауылындағы Тынышпаев көшесінде 1,63 километріне 49,9 млн. теңгеге асфальт төселіп, 5,4 млн. теңгеге 70 көше шамы қойылды. Қазір Ушаков көшесіне асфальт төсеу үшін негіз дайында-

лып, құбырлы өткелдер ауыстырылды. Асфальт қарашаның алғашқы онкүндігінде төселіп бітуі тиіс.

Бұл ретте демеушілердің де көмегін ерекше атап өткен орынды. Мәселен, Ешкіөлмес ауылындағы Кутузов көшесіне 5 жарық шамы орнатылып, Абай ауылындағы А. Жангелді көшесінде 202 метрге, Ешкіөлмес ауылындағы Кутузов көшесіне 314 метр жолға, Қарабұлақ ауылындағы Свердлов көшесінде 1,2 км жолға қиыршық тас төсеуге меценаттар қаржылай қолдау көрсеткен.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



# РЕСПУБЛИКА КҮНІ - ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ



Республика күні 2001 жылдан бастап ұлттық мерекелер тізімінде болған. 2022 жылы маусым айында Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай отырысында Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды. «Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның 25-і күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек», – деді Мемлекет басшысы. Быыл 25 қазанда Республика күні елімізде ұлттық мереке ретінде екінші рет аталып өтілді. Соған орай Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылдық округінің ДШСК-інде «Республика күні»

мерекесіне арналған мекеме қызметкерлері арасында волейболдан Ескелді ауданының күзгі чемпионаты өтті. Аталған жарысқа 7 команда қатысып, жүлделі орын алған командаларға Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының медаль грамоталарымен және кубығымен марапатталды.

Г.Омарова,  
Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының жетекшісі

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ ЖОЛЫНДА



Ескелді ауданында ең көнесі б.з.д. 2 мыңжылдықтың ескерткішіне жатқызылатын, жартастарға салынған суреттердің қола дәуірілік ескерткіші - Ешкіөлмес петроглифтеріне туристер тарту мақсатында арнайы музей үлгісінде визит-орталығы салынуы мүмкін. Бүгін Ескелді аудандық мәдениет үйінде өткен тұрғындарымен кездесуі кезінде облыс әкімі Бейбіт Исабаев тиісті облыстық басқармаларға осыған қатысты тапсырмалар берді.

Туристерді тарту мақсатында арнайы музей үлгісінде визит-орталығын салу үшін экономика және бюджеттік жоспарлау, мәдениет, архивтер және құжаттама басқармаларына бірінші кезекте, тарихи-мәдени ескерткіштің аумағында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, музейлендіру шарасына қаражат қарастыруды тапсырамын. Екіншіден, аудан басшылығы демалушыларға тиісті инфрақұрылым, жол және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде жайлы демалыс үшін барлық жағдайды жасауы қажет, - деді Б.Исабаев.

Сонымен қатар облыс басшысының айтуынша, ауданның басты көрікті жерлерінің бірі – Бұрқан Бұлақ сарқырамасы орналасқан Қора шатқалына апаратын жолды қайта жаңарту үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде. Оған жергілікті бюджеттен 85,3 млн.теңге бөлінген. Мердігер – «Алматы жоба» ЖШС, аяқтау мерзімі – 2024 жылдың 1-тоқсаны.

Жалпы Ескелді ауданында туризм саласында жыл басынан бері 12 млн. теңгенің қызметі көрсетілген.

– Мынадай тамаша табиғаты бар аудан үшін бұл өте аз көрсеткіш.

Сондықтан туристік әлеуетін аудан дұрыс пайдаланып, істі тиімді ұйымдастыра білуі керек. Ескелді ауданының Талдықорғанға жақын орналасқаны туризммен қатар шағын және орта бизнесті де қарқынды дамытуға мүмкіндік береді. Мәселен, өткен 9 айдың қорытындысы бойынша аудандағы бизнес субъектілерінен мемлекеттік бюджетке 1 млрд. теңгенің салығы жиналып, былтырғы жылдан 1,5 есеге артқан. Шағын бизнесті дамытуға «Ауыл аманаты» жобасының үлесі зор. Сондықтан аудан әкіміне осы бағдарлама шеңберінде барлық салаларды, соның ішінде шаштараз, наубайхана, әр саладағы дүкендер, тамақтану орталықтары, басқа да күнделікті тіршілікке қажетті кәсіптерді дамытуға қолға алып, халық арасында кеңінен түсіндіру жұмыстарын жалғастыруды және барлық бағыттар бойынша қатысу деңгейін көтеруді тапсырамын, - деді Бейбіт Исабаев.

Атап өтсек, жыл басынан Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба шеңберінде Ескелді ауданында жалпы сомасы 555,6 млн теңгеге 18 жоба қаржыландырылған. Бұл ретте қоғамдық тамақтандыру қызметін ұйымдастыру, бөлшек сауда, ауыл шаруашылығы, мал азығын дайындаудағы қызметті кеңейту бағыттарына басымдық берілген.

Ал, «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында бірінші транш бойынша мал шаруашылығын дамытуға 78,7 млн. теңгеге 16 өтінім түсіп, оның ішінде 67,8 млн. теңгеге 13-і қаржыландырылды. Екінші транш бойынша 127,1 млн. теңгеге 33 өтінім түсіп, оның ішінде 19-ы мақұлданды, 14 өтінім қарастырылуда.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

# АУЫЛШАРУШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҰЛЫ ХИМИКАТТАР ҚАЛДЫҚТАРЫН ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫ



пестицидтер (ұлы химикаттар) қолданылады. Пайдаланылған пестицидтердің (ұлы химикаттардың) ыдыстары көптеген шаруа қожалықтарының қомаларында жинақталып, осы уақытқа дейін залалсыздандырылмаған және оны мақсатына сай емес қайта пайдалану мүмкіндігіне байланысты халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға елеулі қауіп төндіреді.

Біздің: Ескелді ауданы бойынша жыл сайын өсімдіктердің аса қауіпті зиянкестері, ауруларына және арам шөптерге қарсы күрес химиялық (пестицидтер) іс-шаралары жүргізіледі, олардың барысында

Осыған байланысты, ҚР «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңында белгіленген тәртіп бойынша (фитосанитариялық есептілік) және ҚР «Кәсіпкерлік Кодексінің»

137 бабының 5- тармақшасына сәйкес. Әр-бір шаруа қожалықтары өздеріне тиесілі пестицидтер (ұлы химикаттар) қалдықтарын (ыдыстарын, тарасын) залалсыздандыру шарасын қолға алу керек. Залалсыздандыру шаралары арнайы полигонда жүргізіледі. Алматы облысы, Іле ауданында орналасқан ТОО «Ақши-Агросервис» Ідирисова М.А. тел:87714651484, ұлы химикаттар қалдықтарын залалсыздандыру іс-шараларына мұқият болуларыңызды сұраймыз.

Ғ.Қ. КЕРІМБАЕВ,  
ҚР АШМ АӨК МИК  
Ескелді аудандық аумақтық инспекциясы өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

# ҚАЗАҚСТАНДА ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫ КҮШЕЙТУ БОЙЫНША ЗАҢНАМАЛЫҚ ТҮЗЕТУЛЕР ПЫСЫҚТАЛУДА

Мемлекет басшысы биылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында халықтың шамадан тыс қарыз алуы мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Үкіметке «Қарызсыз қоғам» жобасын бүкіл елімізге ауқымды етуді тапсырды. Бұл ретте Үкімет мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, қажетті жұмыстар атқаруда. Бұл туралы Үкімет отырысында Премьер-Министрдің орынбасары – қаржы министрі Ерулан Жамаубаев баяндады.

Оның айтуынша, бүгінгі көтеріліп отырған мәселе өте өзекті, сондықтан ол жүйелі әрі шұғыл шаралар қабылдауды талап етеді.

Атап айтқанда, арнайы Жол картасы әзірленді және бекітілді. Ол 6 негізгі бағыт бойынша 25 іс-шараны қамтиды. Сондай-ақ бірігіп іс-қимыл жасау үшін мемлекеттік органдар мен «AMANAT» партиясы арасында ынтымақтастық туралы меморандум жасалды. Жол картасының әрбір бағыты бойынша жұмысты үйлестіру үшін әкімдіктерде жауапты лауазымды тұлғалар бекітілді.

Жобаның тағы бір маңызды бағыты – азаматтардың, оқушылар мен студенттердің қаржылық сауаттылығын арттыру. «Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының студенттері үшін қаржылық сауаттылық курстарын енгізу пысықталуда. Оқушылар үшін арнайы курс әзірленуде. Ол үшін тиісті әдістемелер мен оқу құралдары дайындалып болады. Нәтижесінде осы бағыт аясында 750 мың оқушы мен студенттерді оқыту жоспарланып отыр», – деді Премьер-Министрдің орынбасары – қаржы министрі.

шамадан тыс несие алуын төмендетуге және борыштық жүктеменің өсуін шектеуге, алаяқтыққа қарсы іс-қимылға және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауға, банк омбудсменінің қызметін күшейтуге бағытталған. Сондай-ақ кепілсіз онлайн несие беру сегментінде тәуекелдерді азайту мәселелері қарастырылуда. «Үкімет Қаржы қадағалау агенттігінің халықтың шамадан тыс несие алуын төмендетуге бағытталған барлық ұсынысын қолдайды. Аталған проблемаларды шешу тетіктерінің бір – жеке тұлғалардың банкроттығы мен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану. Қазір тиісті заң нормалары күшіне еніп, жұмыс істеуде», – деді Ерулан Жамаубаев.

Оның ішінде неғұрлым сұранысқа ие болып отырғаны – соттан тыс банкроттық рәсімі. Оны тек банкрот, микроқаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздар бойынша қолдануға болады. Азаматтар өтініштерді Халыққа қызмет көрсету орталықтарында, электрондық үкімет порталы арқылы (eGov.kz.), сондай-ақ E-salau Azamat немесе eGov Mobile мобилді қосымшалары арқылы бере алады. «Жеке тұлғалардың банкроттығы бойынша «Qoldau» деп аталатын жаңа ақпараттық жүйе іске қосылды. Бұл ақпараттық жүйе арқылы өтініш беру мүмкіндігін және өтініш берушінің тиісті критерийлерге сәйкестігін 24 мемлекеттік орган мен ұйым базалары арқылы автоматты түрде тексеруге болады», – деді қаржы министрі.

Биылғы 3 наурыздан бастап 70 мыңнан астам өтініш келіп түсті. Оның 80%-дан астамы банкроттық рәсіміне сәйкес келмейтін анықталды. Негізгі себептері: жеке басында мүліктің болуы, борышкердің қарыз сомасы мен төлем мерзімі бойынша сәйкессіздік және кредитормен борышты дұрыс реттемеу. Нәтижесінде бүгінгі таңда 9 млрд теңгеден астам борыш сомасына 6 мыңнан астам азамат банкрот деп танылды. Сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін

қалпына келтіру рәсімін қолдану үшін соттарға 1 200-ге жуық азамат жүгінген. Дегенмен жекелеген борышкерлер кейбір заңнамалық кедергінің салдарынан банкроттық рәсімін кеңінен қолдана алмай отыр. Осыған байланысты келесідей нормалар ұсынылатын болады:

- 1) соттан тыс банкроттыққа жататын қаржы ұйымдарының тізбесін кеңейту;
  - 2) азаматтарды соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішке қосымша құжаттар беруден босату;
  - 3) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары бекітілгеннен кейін борышкердің шетелге шығуына тыйымды алып тастау.
- Әріне, банкроттыққа ұшырау барлық мәселені шешпейді, көбісі банкроттықтың салдарын жақсы түсінеді. Бұл ретте банкроттық процесінің дұрыс жүруін тиісті түсіндіру жұмыстары оң ықпал етуде. Атап айтқанда:
- Заңның негізгі ережелерін ақпараттық сүйемелдеу ұйымдастырылды;
  - Қаржы министрлігінің және оның ведомстволарының сайттарында тиісті түсініктемелер орналастырылды, 14-14 телефоны арқылы қызмет көрсету орталықтарында банкроттық бойынша кеңес алу мүмкіндігі туралы барлық азаматтарға СМС-хабарламалар жіберілді;
  - мемлекеттік органдардың бөлімшелері, банктер, Халыққа қызмет көрсету және Халықты жұмыспен қамту орталықтары басшыларының қатысуымен азаматтардың банкроттық рәсімдерін қарастыру бойынша ұйымдасқан кеңестер өткізілуде;
  - барлық өңірдің тұрғындарымен кездесулер ұйымдастырылуда;
- Премьер-Министрдің орынбасары – қаржы министрі Ерулан Жамаубаевтың сөзіне, жалпы халықтың шамадан тыс несие алуын төмендету және «Қарызсыз қоғам» жобасының ауқымын кеңейту бойынша кешенді шаралар қабылдау жалғасатын болады.
- Әрі қарай тақырып бойынша Қаржы нарығын рет-

теу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Олжас Қизатов баяндама жасады.

Оның айтуынша, Мемлекет басшысы биылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында халықтың шамадан тыс несие алуын төмендету шараларын қабылдауды тапсырды. Бүгінде екінші деңгейдегі банктердің тұтынушылық несиелерінің жалпы көлемі 9,2 трлн теңгеден асады. Өткен жылы өсім 25,3%-ды құрады, биылғы 8 айда өсім 20%-дан асты. Төлем мерзімі 90 күннен асып қарыздардың үлесі 5,2%-ды немесе 500 млрд теңгеден астам болды. Проблемалық қарыз алушылардың саны 516 мың адамды құрады.

Микроқаржы секторында өткен жылы тұтынушылық шағын несиелер портфелі 46%-ға ұлғайды. Биыл 8 айда 11%-ға ұлғайып, 1,1 трлн теңгені құрады. Проблемалық қарыздар 8,8%-ды немесе 98 млрд теңгені құрады. Мерзімі өткен қарыз алушылар саны 347 мың адамды құрады. Тұтынушылық несие берудің және азаматтардың борыш жүктемесінің өсуін шектеу үшін агенттік төмендегі іс-шаралар кешенін іске асырды: «Мемлекет басшысының халықтың шамадан тыс несие алуын азайту жөніндегі Жарлығын іске асыру аясында жеке жоспарлар жаңартылды. Жоспарларға сәйкес келесі жылдың соңына дейін 1 449 мың қарыз алушының несиелік жүктемесі төмендетілді. Олардың борыш сомасы 275 млрд теңгені құрайды», – деді Олжас Қизатов.

Оның айтуынша, қарыз алушылардың мүдделерін қорғауды қиындау мақсатында коллекторлардың басшы қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары заңнамалық түрде енгізілді. Коллекторлық агенттіктер капиталының ең төмен мөлшеріне қойылатын талаптар 100 млн теңгеге дейін арттырылды. Бас прокуратурамен бірлесіп, коллекторлардың дербес әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігін енгізу жөнінде түзетулер әзірленді. Оларды Парламент Мәжілісі қарауда. «Қаржылық алаяқтардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянды өтеу – маңызды мәселе. Бұл орайда заңнамалық шараларға сәйкес Ұлттық банкпен бірлесіп, бірыңғай Антифрод-орталық құру көзделеді. Ол алаяқтық операциялар бойынша деректер жинауды қамтамасыз етеді. Сонымен бірге нарық субъектілері нақты уақыт режимінде күдікті операцияларды бұғаттай алады», – деді Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының

орынбасары Олжас Қизатов. Сонымен бірге азаматтардың несиелерден ерікті түрде бас тартуы және қаржы ұйымдарының қарыздар туралы ақпаратты несиелік бюрократтарға онлайн режимде беруі ұсынылады.

Бұдан басқа қаржы ұйымдары алаяқтық операциялар бойынша клиентке келтірілген залалды өтеу немесе оған қойылатын талаптарды тоқтату жауапкершілігін көзделді. Жоғарыда аталған заңнамалық бастамаларға қосымша агенттік заңға тәуелді актілер деңгейінде төмендегідей шараларды қабылдайтын болады:

Бірінші. Пруденциялық реттеуді қатаңдату аясында Ұлттық банкпен бірлесіп, тәуекел-саралаудың жоғары коэффициенттерін белгілеу жоспарланып отыр.

Екінші. Қарыз алушылардың төлем қабілеттілігін дұрыс бағалауды арттыру үшін борыш жүктемесі коэффициентін есептеу кезінде жанама кірістер түрлерін 12-ден 8-ге дейін қысқарту қосымша жоспарланып отыр.

Сонымен қатар аталған коэффициентті есептеу бойынша талаптар барлық қарыз алушыға және жеке тұлғалардың барлық қарызына қолданылатын болады (бүгінде коэффициент кепілсіз қарыздарға және екі орташа жалақыдан жоғары кірісі бар қарыз алушыларға қатысты есептелмейді).

«21 жасқа толмаған азаматтарға несие беруді шектеу үшін несиелер ресми кірістері рәстелгеннен кейін ғана беріледі», – деді Олжас Қизатов. Үшінші. Микроқаржыландыру нарығын және коллекторлық қызметтер нарығын заңнама талаптары орындай алмайтын субъектілерден тазарту мақсатында микроқаржы ұйымдарының және коллекторлық агенттіктердің ең төмен капиталына қойылатын талаптарды кезең-кезеңмен арттыру жалғастырылады.

«Халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту, қаржы нарығындағы алаяқтыққа қарсы іс-қимыл және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру Агенттік қызметінде маңызды басымдықтар болып қала береді. Осыған байланысты, бұл бағыттар бойынша жүйелі жұмыс жалғастырылатын болады», – деді Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Олжас Қизатов.



# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!



«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзінен алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «сogruptio» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдіреді. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп - сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мыналардың негізінде жүзеге асырылады:  
- заң мен сот алдында бәрі тепе-тең;  
- мемлекеттік органдар қызметін нақты құқықтық реттеумен (регламенттеумен) қамтамасыз ету, аталмыш қызметтің заңдылығы мен жариялылығы, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылау жасау;  
- жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық,

ұйымдастыру-басқару жүйелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдылығы;  
- жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қайта қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою және алдын алу;  
-сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылармен

күресуге жәрдемдескен азаматтардың жеке қауіпсіздігін және оларды ынталандыруды қамтамасыз ету;

-мемлекеттің мемлекеттік қызметті орындауға уәкілетті және оған теңестірілген тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауы, аталмыш тұлғалар мен олардың отбасыларының лайықты өмір сүрулері үшін бұл тұлғаларға еңбекақы (ақшалай қолдау) мен жеңілдіктер тағайындау;  
- жеке және заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметтерін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын тұлғалардың өкілеттіктерін делегирлеуді болдырмау, сондай-ақ оларға бақылау мен қадағалау жүргізу.

Осыған байланысты 2014 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді;

Қазақстанда экономиканы жандандыру және ауқымды әлеуметтік түрлендіру жағдайында мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған заманауи әлеуметтік-

экономикалық саясатымен тығыз байланысқан бүтіндей стратегияның қажеттілігіне анық көз жеткізілді.

Осыған байланысты, 2014 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді.

Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа кез-келген жемқорлықтың туындауына «нәлдік» тәзімділік таныту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Стратегиямен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары мынадай:

- мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар қолдану;
- қоғамдық бақылау институттарын енгізу;
- мемлекеттік сыңайлы және жеке меншік секторларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау;
- құқық қорғау және сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

**М.ТАНАБАЕВА,  
ҚР АШМ ВБЖҚК  
Ескелді аудандық  
аумақтық инспекциясының  
бас маманы**

# ПРОГРЕССИВНЫЕ РЕФОРМЫ В КАЗАХСТАНЕ

**С момента своего избрания Президентом Казахстана К. Токаев определил будущий политический курс страны, нацеленный на создание нового Казахстана. Еще в своей предвыборной программе в качестве его основных принципов Президент обозначил преемственность, предлагающую эффективное продолжение действующей политики и сохранение всех позитивных достижений в интересах дальнейшего развития страны. Справедливость, призванную обеспечить равенство прав всех граждан независимо от их социальной, этнической, религиозной и иной принадлежности и создание каждому возможностей для достижения личного успеха и повышения своего благосостояния. Прогресс, основанный на способности к обновлению во всех сферах жизни общества, осуществлению созидательных перемен на благо людей и стремлению Казахстана к вхождению в число передовых стран мира.**

Президентские политические реформы – это мощный сдвиг в сторону новой истории Казахстана, когда институтам гражданского общества даются гораздо большие возможности для активного участия в делах государства. Как отметил К. Токаев: «Мы должны сберечь наше главное достояние – Независимость, упрочить основы национальной идентичности, сосредоточиться на трансформации страны. Это наш священный долг перед будущими поколениями».

Сегодня уже можно говорить о некоторых результатах проведения реформ, которые являются логическим продолжением уже начатых преобразований, содействуют последовательной демократизации и обеспечивают устойчивость и управляемость государства. Они затрагивают практически все политические институты.

В 2019 году была внедрена концепция «Слышащего государства». Казахстанцы имеют возможность говорить о проблемах, волнующих их, и в социальных сетях, и на приемах акимов и руководителей ведомств не только в дни «открытых дверей». Лидеры мнений Национального совета общественного доверия доносят до Главы государства то, что волнует сограждан. В 2020 году введен уведомительный порядок проведения

массовых акций.  
В стране созданы условия для создания новых политических партий, которые призваны защищать интересы народа. Прямыми выборами формируется Мажилис. Он наделяется правом принимать законы и нести полную ответственность за качество каждого из них. Также он наделяется полномочиями контролировать бюджетные расходы. Депутаты и министры несут ответственность перед казахстанцами за эффективное расходование бюджета. С внедрением смешанной избирательной системы Мажилис укрепляет свою институциональную легитимность, а Сенат – роль органа, который отстаивает интересы регионов, социальных и этнических групп.

Из 50 депутатов Сената президент теперь назначает не треть, а пятую часть – 10 человек, причем пять из них – по предложению Ассамблеи народа Казахстана. К слову, эту функцию АНК получила потому, что лишилась депутатской квоты в Мажилисе.

27 марта 2023 года Президент Республики Казахстан подписал закон «О внесении изменений и дополнений в Конституционный закон РК «О судебной системе и статусе судей РК». Законом предлагается внедрить элементы выборности председателей судов судьями через расширенные заседания областных судов. Говоря о реформах в судебной системе, нельзя не отметить гуманизацию в сфере наказаний. В частности, приняты поправки в законодательство по вопросу отмены смертной казни. В Уголовном кодексе РК смертная казнь как исключительная мера наказания полностью исчезла.

Глава Государства выбрал сложный путь изменений и совершенствования – и народ пошел за ним. Реформы уже положительно сказываются на жизни казахстанцев и способствуют повышению гражданской активности. К.Токаев заложил фундамент сильного государства, во главе которого объединенный национальный идеей народ, а опорой выступает свобода слова. Чтобы умножить созидательный потенциал народа важно создать максимально благоприятные условия для самореализации каждого гражданина.

**Ким Нина ЕВГЕНЬЕВНА,  
Руководитель ОО  
«Ескельдинское районное общество инвалидов»**

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАР ҚАТАРЫНДАҒЫ ЖЕМҚОР БАЛАЛАРДЫ ЖЕКЕ ОҚЫТУ ЖОСПАРЫ БОЙЫНША ҮЙДЕ ОҚЫТУҒА ЖҰМСАҒАН ШЫҒЫНДАРЫН ӨНДІРІП АЛУ ТӘРТІБІ МЕН МӨЛШЕРІ

Ескелді ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы жемқор балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшері Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 «Әлеуметтік – еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері

туралы» бұйрығымен бекітілген «Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес әзірленді.

Мүгедектігі бар балалар қатарындағы жемқор балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу (бұдан әрі – оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп

алу) мүгедектігі бар баланың үйде оқу фактісін растайтын оқу орнының анықтамасы негізінде тоқсан сайын «Ескелді ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен жүргізіледі.

Толық ақпарат алу үшін Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне немесе 30258 телефонына хабарласуға болады.

# ПОРЯДОК И РАЗМЕР ВОЗМЕЩЕНИЯ ЗАТРАТ НА ОБУЧЕНИЕ НА ДОМУ ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ ИЗ ЧИСЛА ДЕТЕЙ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ ПО ИНДИВИДУАЛЬНОМУ УЧЕБНОМУ ПЛАНУ В ЕСКЕЛЬДИНСКОМ РАЙОНЕ

Настоящий порядок и размер возмещения затрат на обучение на дому детей с ограниченными возможностями из числа детей с инвалидностью по индивидуальному учебному плану в Ескельдинском районе разработаны в соответствии с Правилами оказания государственной услуги «Возмещение затрат на обучение на дому детей с инвалидностью» утвержденный Приказом Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 25 марта 2021 года № 84 «О некоторых вопросах оказания государственных услуг в социально-трудовой сфере».

Возмещение затрат на обучение детей с инвалидностью по индивидуальному учебному плану (далее - возмещение затрат на обучение) ежеквартально производится государственным учреждением «Отдел занятости и социальных программ Ескельдинского района» (далее-уполномоченный орган) на основании справки из учебного заведения, подтверждающей факт обучения ребенка с инвалидностью на дому.

Для получения полной информации обращайтесь в Ескельдинский районный отдел занятости и социальных услуг по номеру телефона 30258

# АУДАН ӘКІМІ ӨРСҰСАҚ АУЫЛЫНДА ЖАҢАДАН САЛЫНҒАН СПОРТ АЛАҢЫНЫҢ ЛЕНТАСЫН ҚИДЫ



Аудан әкімі Елдос Тұрсынбайұлы

Республика күніне орай Өркүсақ ауылында жаңа спорт алаңының ашылуына қатысып, лентасын қиды. Мерекесінде ашылған алаңның спортшыларына сәттілік тілей отырып, тұрғындарды Ұлттық мерекеміз Республика күнімен құттықтады.



ЖШ АҚПАРАТ



**ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ** – тарих ғылымындағы халқымыздың шығу тегін, таралуын баяндайтын тармағы.

Шежіре қазақ, түрікмен, қырғыз, моңғол және т.б. халықтар арасында ауызша сақталған. Бұл халықтардың көне тарихы жөнінде айтылатын мағлұматтар “шежіре”, “тайра”, “тарих”, “сееджер” т.б. болып әр түрлі айтылғанымен “сақтау” деген мағынаны, ал семит-араб тілдерінде “ағаштың бұтағы” деген ұғымды білдіреді. Яғни, арабтар шежірені ата санаумен тікелей байланыстырса, түркілер көнені есте сақтау – тарихты айтумен, тарихпен бір деп түсіндіреді. Демек, шежіре біздің аталарымыз үшін тарих қызметін атқарған. Шежірешілдік көпелі қоғам туғызған қажеттілік және көшпелілердің әдет-ғұрып, салт-санасының негізінде туған. Ол халықтың этник. құрылымын анықтауға, тұтастығын көрсетуге мүмкіндік беретін төл тарихымыздың нұсқасы, ұлттық рухани мәдениеттің құрамдас бір бөлігі. Ел арасында өткен өмір тарихын өте жақсы білген “шежіре адамдар” болған. Олар қазақтың ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрін, заңдарын, әдет-ғұрпын, ай-күн есептерін жақсы білген, көшпелілердің дүниетанымын жете түсінген, небір аңыз-әпсана, жырларды жадында сақтаған. Егер қазақ мәдениеті біртұтас дейтін болсақ, онда шежірені де осылай қарастыруымыз керек. Яғни, шежіренің ішінде аңыз бен шындық та, ертегі мен әпсана да, өнер мен ғылым да бар, ал дәстүрлі қазақ мәдениетінен осылардың біреуін жеке дара бөліп алып қарастыру мүмкін емес.

Этнос және қоғам, мемлекет есебінде қазақтар өз бастауын Алаша ханнан алады. Түркілердің қара шаңырағына ие болып қалған қазақ елі үшін де, өзге түркі-моңғол елдері үшін де Алаша ханға байланысты айтылатын шежірелердің орны бөлек. Өз мемлекеттігін, елдігін танығысы келген халықтардың түркі-моңғол, қазақ ішінде сақталған Алаша хан жөніндегі аңыздарға жүгінері даусыз. Кейінгі орта ғасырлар тарихи оқиғаларын баяндайтын Қ. ш. жалпы түркі-моңғол шежіре дәстүрінің жалғасы ретінде қарастырылады. Оның нақты дәлелін ортағасырлық Рашид ад-Дин, Әбілғазы Баһадүр, Өтеміс қажы еңбектерінен көруге болады. Далалық түркі-моңғол тайпаларында ерте кезден бері шежірені, тарихи деректерді хатқа түсіру дәстүрі болған. Мыс., Баһадүр “мен пақырдың алдында Иран мен Түранда өткен Шыңғыс ұрпақтарының тарихы жазылған он сегіз байлам еңбек жатыр” деуі осыған айғақ. 15 – 17 ғ-ларда дүниеге келген Өтеміс Қажының “Шыңғыс наместі”, Хафиз Таныштың “Шараф-наме-ишахий”, Баһадүрдің “Түрік шежіресі” шығармалары өткен тарихымыздың елеулі оқиғаларына тоқталып, айшықты кезеңдерін де тыс қалдырмаған. 15 – 16 ғ-ларға қатысты деректердің мол жинағы М.Х. Дулаттың “Тарих-и Рашиди” шығармасы болып табылады. Екі бөлімнен тұратын бұл шығарма Моғолстан мен Қашқарияны мекендеген шағатай тұқымынан тараған хандардың саяси тарихы, дулат тайпасы және оның Шығыс Түркістанда билік құруы, моғолдардың тарихына қатысты бірнеше дерек келтіреді. Соның бірі Керей мен Жәнібектің соңына ерген жұртымен Моғолстанға қоныс аударғанын және қазақ атауын өзге жұрт бергендігін жазады. Қазақ елінің тарихын толықтыра түсетін келесі бір дерек Махмуд Абдоллах бен Уәлидің “Зубдат аласары”. Ол қазақтардың орта ғасырлардағы көрші елдермен саяси қарым-қатынасының оқиғаларына толы. Дегенмен,

# ШЕЖІРЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ЖАУҒАРЫ



халықтың төл тарихы шежіре мұрасында. Көне заманнан бері көшпелі тұрмыс құрып, ауыз әдебиетімен өмір сүрген қазақ тарихын зерттеуші ғалымдар негізгі дерек көзін шежіреден табады. Ел арасында айтылып келген тарихи оқиғалар 19 ғ-дың соңында қағазға түсіріліп, жинала бастады. Халықтың өткен тарихын баяндаған “Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі” деген шежіре кітабының кіріспесінде Ш.Құдайбердіұлы ел ішінен естіген-білгенінен басқа, көне замандағы түрік, араб, парсы, қытай жазбалары мен орысша кітаптарды оқығаны жайлы жазады. Шежіре 1911 ж. Орынбор қаласында басылып шықты. Бұл шежіре турасында Ә.Бөкейхан: “Мұнан бұрын қазақ шежіресі қазақ тілінде кітап болып басылған жоқ. Шәкерімнің бұл кітабы – қазақ шежіресінің тұңғышы; қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасын. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шәкерім кітабын әбден білмей қадам баспа” – дейді. Халық ауыз әдебиетін жинауда Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің де еңбегі зор. Оның қолжазбаларында көп шежіре жазылған. Көпеев: “Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ... Естігенін ұмытпайтуғын, құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естіген көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан-ауыз алып айтумен үлгі-өсмет қалдырған” – деп халық мұрасының ауызша сақталып келгенін ескертеді. Көпеевтің елеулі кезеңдеріндегі тарихи оқиғаларға байланысты сақталған аңыз, әңгіме, мақал үлгілері көп. Алайда, Көпеевтің көп дүниелері өлі қолжазба күйінде, олар ғыл. тұрғыда зерттеліп, жинақталмаған. Ол тек 2003 ж-дан бастап қана қолға алына бастады.

Шежіре (арабша шаджарад — бұтақ, тармақ) – халықтың шығу тегі, таралуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы. Сәбит Мұқановтың анықтамасы бойынша «Шежіре» деп кімдерден кімдер туып, қалай өрбігенін баяндайтын ерте заманнан атадан балаға мирас болып келе жатқан ауызша деректерді айтады.

Ш. Тарихи ата салты бар халықтар жеке отбасының, әулеттің, атақты қолбасшы, мемлекет қайраткерлерінің

шежіресін жасауды салтқа айналдырған. Шығыста бұл салт Қытай елінде өте ерте дамыған. Онда сол мемлекетте, көрші елдерде күнбе-күні басты оқиғалар «хроника» есебінде жазылып, отырған. Осылай өз тарихының деректі негізін жасаған. Көрші Ресейді патшалардың, текті сославиелердің, жеке дворян әулеттерінің шежіресін жасау салты қалыптасқан.

Қазақ халқында ата шежіресі ерте кезден бар. «Жеті атасын білмеген жетесіз», «Жеті атасын білген ер жеті рулы елдің қамын жер, жалғыз өзін білген ұл, құлағымен жағын жер» деген аталы сөздер соның айғағы. Ал жеті атада үлкен сыр бар. Әр ұрпақ 25 жастан десек, ол 175 жыл. Бұл болса, бір адамның жеке басының тағдыры арқылы оның құл емес екенін, ата тегін, өз ортасының белді мүшесі екенін, он алты жаста ордаға енер, жау ортасын бұзып-жарып кірер адамзат екендігін байқататын фактор.

Шежіре арқылы оның тегі, ата қонысы, қауымға қосқан үлесі, отан қорғаудағы орны, меншік, адами құқы, т.б. болмыс білінетін болған. Ру, бау, сан, тайпа, тұқымы, тек, арыс, жүз, жұрт, ел, отан сияқты халықтың барша тарихын көрсетер категориялар — айналып келгенде, шежіренің негізгі категориялары. Бұл болса тұтас этнос, халық тарихының сырын ашуға бірден-бір қажет сюжеттер.

Қазақ үш жұртынан тұрады: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Шежіре де осы үш жұрттың динамикасын көрсетіп, соның нәтижесінде барша халықтану қалыптасары даусыз.

Жарық көрген құнды шежірелердің бірі – Құрбанғали Халидтың “Тауарих Хамсасы”. Шағатай тілінде жазылған бұл туындыда қазақ елінің тарихы, әдет-ғұрпы, “қазақ” этнонимінің шығу тарихы, рулар жөнінде тың деректер кездеседі. Әсіресе, қазақтың қырғыз аталуы туралы жерлердің біз үшін мәні зор. Қазақтың төл деректерінен басқа қырғыз шежіре еңбектерінен де қазақ тарихына қатысты баяндалатын оқиғалар кездеседі. Мыс., “Тарих, түпкі аталар” деп аталатын 1920 ж. жарық көрген Тоғолоқ молданың шежіресінде Есіркемеш ұрпағы Түгелбайдың Әулие Атада Ер Есім ханның еліне араласып, қосылып кеткені жөнінде жазылған әңгіме бар. Шежірелер қазақта, моңғолда, алты алашта хандар шежіресі

болып басталады. Мұсылман дінінің әсерімен жазылған шежірелер де бар.

Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі көптеген ресейлік зерттеушілер шежірені, тарихты терең түсінбек түгіл қазақ, қырғыз елдеріне бір этнос ретінде қараған. Тек А.И. Левшиннен бастап қана орыстар қазақ пен қырғыз өз алдарына жеке-жеке этнос екенін айтады. Қ. ш-н зерттеуге ресейлік ғалымдардан Н.А. Аристов, П.И. Рычков, А.И. Тевкелев, Г.Е. Грумм-Гржимайло, В.И. Даль, В.В. Бартольд, т.б. көп үлес қосты. 19 ғ. мен 20 ғ-дың басында Қ. ш-н жасауға Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, М.Сералин, М.Тынышбаев, Н.Наушабаев, т.б. көп еңбек сіңірді. Кеңес заманында шежіре ескінің қалдығы есебінде танылды, оның дамуына тосқауыл қойылды. Алайда, ғасырлар бойы қалыптасқан шежірешілік дәстүрді Х.Аргынбаев, С.Толыбеков, С.Мұқанов, В.Востров, М.Мұқанов, т.б. ғалымдар жалғастырды. 19 ғ-дың соңында қазақ шежірешілері бірнеше бағытты ұстанды, және ел аузында сақталған, не хатқа түскен мұраларды өңдеп бір ізге түсірді. Құдайбердіұлы батыстық зерттеушілерге бағыт ұстанса, Халид шығысқа еліктеді. Көпеев қазақ ауыз әдебиетіне сүйенді. “М.Ж. Көпеев шежіресінің өзге шежірелерден өзгешелігі, ол әрбір аталарды баяндағанда, сол аталардың тұсында болған оқиғалар туралы ел аузында қалған ертегі-аңыздарды қоса айтады” деп жазады С.Мұқанов. Бұл жолды жалғастыру терең білімді, тілді, өнерді, әдебиетті, еур. гуманитарлық ғылымдарда қарастырылып жүрген ғыл.-зерт. әдістерін, еураз. дүниетанымды қажет етеді. Шежіремен жұмыс істеудің басты қиындығы – бірнеше дәуірдің тарихы бір-бірімен астасып жататындығында. Мыс., 15 – 17 ғ. тарихы Көпеев шежіресінде тікелей хандарға қатысты сипатталады. Ал, шын мәнінде ол жерде әңгіме Қазақ хандығының 15 – 17 ғ. тарихы туралы да болып отыр. Сол сияқты Құдайбердіұлы шежіресінде Қазақ мемлекетінің тарихы мен құрылымы жөніндегі мәліметтер ғыл. тұрғыдан түсіндіруді қажет етеді. Қ. ш-нен кісінің тегі, ата қонысы, қауымға қосқан үлесі, Отан қорғаудағы орны, меншігі, адами құқығы байқалады. Ру, бау, сан, тайпа, тұқым, тек, арыс, жүз, жұрт, ел, отан сияқты халықтың тари-

хын көрсететін мағлұматтар – шежіренің негізгі өлшемдері, тұтас этнос, халық тарихының сырын ашуға бірден-бір қажет деректер. Қазақ халқының ата шежіресі ерте кезден сақталған. Оған “Жеті атасын білмеген жетесіз”, “Жеті атасын білген ер – жеті рулы елдің қамын жер, Жалғыз өзін білген ұл – құлағы мен жағын жер” деген аталы сөздер дәлел бола алады. Жеті ата – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы әркімнің ата жағынан тегін таратуын нақтылы жүйесі. Қазақ бала сы өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы, т.б. жеті атасының нақты есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Әр ұрпақты шартты түрде 25 жастан есептесек, ол 175 жылды қамтиды. Сөйтіп, адамның жеке басының тағдыры арқылы, ата тегінің терең тамырларынан мағлұмат береді. Шежіре зерттеушілер: туыстас немесе көршілес бірнеше отбасы бір қоныста отырса – ауыл, ауылдас, көрші; іргесі алысқа болса – жерлес. Жеті атадан құралғандар (бір атаның кіндігінен тарағандар) – қандас; бір ата 13 атадан асса – ру; бірнеше ру қандастықпен, не ортақ мүддемен біріксе – тайпа; өзара қоғамдасып, жүз болып қауымдасқан тайпалар біріксе – халық немесе ел, оның ішінде өзге ұлт, ұлыстармен саяси теңдігі болса – ұлыс, дербес шекара, саяси-экон. тәуелсіздікке қолы жетсе – мемлекет, тілі мен дәстүрі, мәдениеті, жері, әлеум. рух, жігері, этн. ерекшелігі ортақтасып, дараланса – ұлт болады деген тұжырымға тоқтаған. Сол сияқты “жеті ата”, “ата-бабалар”, “немере ағайын”, “жамағайын”, “қалыс ағайын” деген атаулардың да нақты анықтамасы бар. Жеті ата: әке, ата, өз ата (бұл үшеуі аталар), баба, тектік, төркін, тұқиян (бұл төртеуі бабалар). Осы жетемуі бірігіп “Ата-бабалар” аталады. Ал 3 ағайын, 15 ұрпақ былайша жіктеледі: а) Немере ағайын: бала, немере, шөбере, шөпшек, өбере; ә) Жамағайын: туажат, жүрежат, жекжат, жұрағат, жамағат; б) Қалыс ағайын: өркен, әулет, зәузат, жаран, қалыс. 15 буынды бұлайша бөлу қазақтардың өзін, ата-бабасын, өткен күнін, болашағын өмір бойы қадағалап, анықтап отыратынын көрсетеді. Қ. ш-нде рулар жүзге барып тіреледі. Жүз – тарихи-әлеум. категория. Ол, біріншіден, байтақ қазақ сахарасында ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі шаруашылықтың жер ыңғайына қарай орналасуына байланысты экон. мұқтаждықтан туған. Әрбір тайпалық одақ қыс қонысын, жаз жайлауын көшпелі тіршіліктің өзіндік ерекшелігіне орайластырған. Екіншіден, ел, отан, жер қорғау мүддесінен туындаған. Үшіншіден, жеті атаға дейін қан араластырмай, тұқым тазалығын сақтау арқылы этностың генетик. қорын аман алып қалуға бағытталған. Сөйтіп, ол белгілі бір геогр. шеңберде, белгілі бір ортада ортақ халықтық бақылауға алынған. Үш жүз бола отырып, қазақ елінің тәуелсіздігін, қазақ жерінің тұтастығын қорғаған. Ортақ тіл, діл, атамекен халықтың бірлігіне, мүдде бірлігіне қызмет еткен. Қ. ш-ндегі аңыздар жеке тұлғаны қасиетті, киелі етіп көрсетеді. Бұл Қ. ш-нің тек тарихи дерек қана емес, сонымен қатар ескелең ұрпақты ұлттың ұлықтау үшін тәрбиелік мәні болғандығын да аңғартады.

Шежіре - бұл халқымыздың ата тегінің таралуын, шығу тегін дәлелдейтін маңызды ақиқаттық жол.

Қазір қазақ шежіресін білетін адамдар өте аз, әсіресе мына біз жастармыз. Сондықтан, мен төменде көрсетілгендей қазақ шежірелерін көрсетіп отырмын. Достар, әрдайым қазақ шежіремізді біліп, жеті аталарымызды ұмытпайық



# Ж.ЖАҚЫПБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРБАЯНЫ

**Жұматай (Жұмағұл –Шора) Сағадиұлы Жақыпбаев - қазақ өлеңінің төрінде ерекше орны бар аса дарынды тұлға. Жұматай 1945 жылы бірінші қаңтарда Талдықорған облысы, Талдықорған ауданы, қазіргі Киров атындағы колхоздың Ешкіөлмес ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын Абай атындағы кітапхананың меңгерушісі болып бастаған. 1967 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. Одан кейін Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газетінде, облыстық радиода және «Жалын» баспасының музыка, поэзия бөлімінде қызмет істеген. 1980-85 жылдары «Жалын» альманағында поэзия бөлімінің редакторы, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болды. Ажал мәуріті жетіп арғымақ ақын 1990 жылы қырық бес жасында дүниеден озған.**

Қалмаймын деп мына өмір көшінен,  
Жастай зерек ғажайып күй кешіп ем.  
Жан адамнан жасқанбай һәм жасымай,  
Құнанбаев Оспан құсап өсіп ем,- деп өзі жырлағандай, өмірден өткенше «иттен де қалған, құстан да қалған» көңілін күймен әлдилеп, кеудесін жан адамға бастырмай, асқақ еңсесін төмен түсірмеген, асыл жырға адалдығынан айнымаған.

Ж.Жақыпбаевтың шығармашылық өмірі жайындағы құнды деректерді талай жыл ыстық-суыққа бір күйіп, бір тоңған аяулы жары, ақын, журналист Зайда Елғондинованың «Менің ертегім» естелік-эссесінен мол ұшыратамыз. Ақын шығармашылығын, өмір бұралаңын әңгіме еткенде де осы еңбекке баса назар аударылып отырады.

Жұматай – болмысы бөлек, ерекше ақын. Өлең өлкесі қаншалықты өзгеше келсе, өмір өткелі де ғажайып, сұлу. «Мен қасқа маңдай, бота көз жігітпін ғой. Біз қара шапанбыз, жалпы руымыз Мырза. Төренің қызынан туғанбыз. Әкем Сағади өмір бойы болыс болды. Ауылдық кеңестің бастығы дегенім ғой. Біздің үйде қазыны ит жейтін. Мен тұғалы ас та тек молшылық болды. Әкем бала кезінен еркелетіп өсірді. Тіпті әкемнің маған деген мейірімін туған бауырлары да қызғанатын. Әкемнің әкесі Жақыпбай елге сыйлы болыс болған. Жақыпбайдың інісі Шалғынбай батыр болған. Сенің Тоқсанбай атаңа құсап, жау қайырған. Жақыпбай би тек төрелермен құда болған. Тұқымдарымен сұлу да сымбатты, ірі екен. Ал қыздары тана көз хас сұлудың өзі болғандығы сонша, хан да, қара да құда түскен.»

Ақын сөзінен балалық шағының уайым-мұңсыз, таршылықсыз өткенін, белді, беделді ақсүйек ұрпағы екенін, ата-ана алақанының мейірімін сіңіріп, қағажу көрмей өсейгенін аңғарамыз.

Жұматай, сөз жоқ, тума талант. Ал талантты тынымсыз іздену арқылы шындай тұспей, су астында тот тұнған темірдей мүсеп күй кешіп, жауыннан соңғы алаудай жоғалары тағы бар. Жұматайдың шығармашылық ғұмыры да «оқы, оқы және оқы» қағидасымен өлшенді. Бұл қасиет ақын қанына туа біткендей. Оны өзі де аңғаратыны анық. Естелік-эсседегі Зайда апамызбен Жұматай ақынның диалогынан мұны аңғару қиын емес:

- «...философияны терең білмеген адам ақын болып жарытпайды. Жалпы, мені түсінгі келсе, көп оқы, әсіресе, классиктерді, шетел әдебиетін оқы. Орыстың ұлы ақындары туралы замандастары жазған естеліктерді оқы.

- Сен өзінді ұлылар қатарына жатқызасың ба?

- Иә,- деді ол ешбір қысылмастан.»

Рас, Жұматай ұлы. Жұматай өзінше ұлы. Оны Абай, Пушкин я Лермонтовтың қатарында қарау әбестік. Ол – оқымыстылығымен, түйдек-түйдек философиялық ойларымен, нәзік лирикасымен ұлы. Десек те, жоқшылық шекпені Жұматайға да еріксіз маталып, шырмайды. Алайда, ақын рухы боркеміктенбей, болашаққа тұнық көзбен қарайды:

«Мен таң-тамаша қалдым, оған бір, өзіме бір қараймын. Біздің кедейшілік жайлап алған үйімізге бір қараймын.

- Сен ұлымын дейсің, ә? Ұлы адамның тұрағы зәулім сарай болуы керек те, серігі сұлу қыз болу керек. Ол керемет атақты да даңқты бо-



луы керек. Сенде оның үшеуі де жоқ. Жапырайған жаман пәтерде отырсың, айта берсең, істеп жүрген қызметің де уақытша. Ал қасыңдағы серігің мен де онып тұрғаным жоқ. Не сұлу емеспін, не ақылды емеспін.

- Айтқаныңа қосылмаймын, Зайда. Хан қайда отырса да, оның отырған жері қасиетті болуға тиіс. Мен ұлымын, ханмын. Мен сүйген әйел сұлу болма-сада сұлу, себебі ол менің ханымым. Ал адам берген атақ пен даңқтың қабырғасын ұрмаймын да мен. Маған атақты да, даңқты да құдайдың өзі берген,- деді ол шімірікпестен.»

Иә, тек өр ақынның маңдайына ғана біткен бір беткейлік осындай-ақ болар. «Күнге ғана құнбағыс болып бұрылған» ақын тірі пендеге бас иіп, бетін еденге сүйгізбек емес. Дараларға ғана бітетін сара мінез Жұматай ерекшелігін екішп тұрса да, шынайы өмірде, нақтыласақ, ақын өмір сүрген дәуірде біреуге кіріптарлық танытпай асқаққа өрлеу мүмкін емес-тін. Сондықтан болар, ақын өмірінің тұлға бойында таршылыққа көп ұшырап, дұшпандарының тырнағына көп ілікті, мәрттікті. Тек рухы жасымады. Өлеңі де өр, асқақ қалпында қалды, ілікпеді. Сағызша созылып, цензураның шегінен аса алмай қалған жоқ.

Жұматай Жақыпбаевтың қаламынан туған дүние аз емес. Бірақ, сөз патшасына шынайы берілген жыр перішесі шығармашылық өнерді биік талғамның әділ таразысына тартып, ұлы Абайша «өнер шашпақты» мұрат тұтты. Сондықтан да жыр бесіресіне тұстастарынан ертерек ер салғанмен, ол ұш жарым мүшел ғұмырында «Саратан» (1979ж), «Ләйлә» (1981ж), «Шұғының гүл төркіні» (1984ж) секілді үш-ақ кітабын шығарды.

Отыз кітабы жарық көрсе де, отбасы, ошақ қасынан алысқа аты беймәлім қалам иелеріндей емес, Жұматай осы жыр жинақтарымен-ақ қазақ поэзиясына жаңа серпін, өзгеше өрнек, соңы сапа алып келді.

Еліміздің ежелгі тарихын ерінбей-жалықпай өз бетімен іздене оқыған Жұматайдың көптеген өлеңдерін ұғуға әдеби сауаты төмен қаймана қазақтың қабілеті мен қарымы жете бермейді. Оның оқырманына айналу үшін жай ғана поэзия жанкүйері болу жеткіліксіз, ойлы оқымыстылық та қажет. Ақынның:

Бір ғажап сурет көрдім деп ертен мақтанам  
Бөгеннің жері бөлектеп маған сақтаған  
Ер Қыпшақ Еділ Еуропада да көрмеген  
Жалаир Мұқлайы Таңғұттардан да таппаған,-

тәрізді бірнеше мыңжылдықты қас-қағымда парақтап тастаған қағілездігіне қалай ілеспексің?!  
"Ақын творчествосы жайлы түйінді

пайымдаулар жасау, ой қорыту оңай емес. Жеке бір өлеңді алып баяндау, талдау онан да қиын. Өйткені өлең деген басқадай жай, жадағай сөзбен айтып беруге көне қоймайды. Шынайы шабыттан туған нағыз поэзиялық туындының мағыналық сыйымдылығы, көркемдік әсері де өлшеусіз.»

Ақынның «Ғұндардың жүрегі» атты өлеңі «XX ғасырдың Гомері» атанған ұлы Жамбылдың Грузияға барғандағы бір қызықты сәтін арналған. Кеңестік дәуірдің тоқырау кезеңі деп аталатын жылдарында туған осы бір ғажайып өлең Жұматай жырларының көкке қолын созған биік шоқысындай көрінеді. Тоғыз ауыз өлеңнің тұлға бойында «тоқсанға келген екейлік ғұндардың шалы» Жамбылдың аты мүлдем ауызға алынбайды да:

Вокзалға қарай бұл елді кім беріктірді?  
Көрікті елдің құшағын гүл көміп тұрды.  
Бақтияр, Еділ киетін сусар бөрікпен,  
Күржістанға керік қас ғұн келіп кірді.

Бірақ теңдесі жоқ суреткерлікпен сомдалған ұлы ақынның бұл күндері аңызға айналған ерекше бейнесі көз алдына келбепен тұрып алады. Жұматай жырын түсіну үшін Шыбыл шалдың Жамбылға айтатын әйгілі:

Екейде елу бақсы, сексен ақын,  
Жаратып мінеді екен ерттеп атын.  
Қобызы, домбырасы үнін қосып,  
Гүлейді жын ұрғандай кешке жақын,- дейтін өлең жолдарын еске алып қана қою аз, яғни қытай жылнамаларының тарихи жазбаларында хатталған шежірелік мәліметтерден де хабардар болуға тиістісіз. Сонда ғана өлеңге өзек болып отырған «Күржістанға келіп кірген керік қас ғұн» ежелгі екейдің (икюдің) ұрпағы, XX ғасырдың алып жырауы Жамбыл екенін жазбай танысыз. Ал, «Ғұндардың жүрегі» атты бұл өлеңнің қадір-қасиетін толық ұғындыру үшін арнайы зерттеу жүргізу артық етпес. Сондықтан біз оған тоқталып жатпай, Жұматай жырларына жақындай түсудің, оның білікті оқырманына айналуының бір жолын меззей кетуді ғана мақсат еттік.

Жұматайдың:  
Арттыра берсін білгеннің қадірін өлең,  
Марғұлан айтса, ақылы, сабырлы кенен,  
Богдыхан қызын беретін Үйсіндер кеше  
Едіге таң, ірі ұланын Тәңірі деген;  
Немесе:  
Ғашықтық төмам, болды ма еркелік төмам?  
Қарардай әлем Сен құсап жиіркеніп

маған.  
Намыс пен мұңнан Мысырға халифа болған

Ұбақ Қыпшақтай ызадан өртеніп барам,-

дейтін өрнегі өзге шумақтары да таңғажайып тың теңеулерімен таңырқатып ғана қоймай, тағылымы терең тарих тұңғиығына қарай желтелеп, Абай атамсыз айта беретін «білмекке құмарлығыңды» оятады, сезіміңмен қатар зерденді де байытады. Жұматайда мұндай-оқыған сайын таң қалдыра берер татымды да тартымды, талант құдіретіне тәнті етер таңғажайып өлеңдер теңтең. Бұл-Жұматайдың бір ғана қыры. Ал оқымыстылығы өз алдына. Тіпті, қолына боксшы қолғабын киіп, шаршы алаңда сынға түскен сәттері де замандастарының есінде.

Ақын-Алланың ең нәзік жаратылысы. Өзгелер ұқпағанды түйсініп, басқалар сезбегенді терең қабылдай білетін, жүрек қылдарын тек ізгілікке шерткізетін де солар.

Сондықтан болар бәз біреулерден артық қайғырып артық мұңаятын, көңілсіздік аралына жиі соқтығып, мерттіккен кемедей күй кешетін кездері де бар. Бұл- кемшілік емес, артықшылық. Осыған лайық «адамның басы – алланың добы» десек, артық айтқандық емес. Әрине, ақынды қайғы- мұңның «идеалы», ал өзгелер мұңая білмес мұзжүрек деген ой тұмауы тиіс. Бірақ, ақын мұңы өзгереді:

Бір күлермін ғарыш жаққа кетерде,  
Көп кешеге қай бетіммен кекте-нем?

Бізге бақтың қолы бүгін жетер ме Мұқағали, Төлегенге жетпеген?

Мұң. Ғасырлар толқыны тарқата алмаған-махаббат мұңы.  
«Махаббаты қыз жүрегін таппаса, жігітке одан асар азап жоқ» (М.Горький) болса, таңданысқа орын жоқ.

Өтіп бара жатты өмір Өзендейін тасыған.

Өтіп бара жатты өмір Өлексемнің қасынан,- деп кей сәттерде ақын үміт қылының үзіліп, сандалып, құрдымға кеткеніне өкінгені сонша, өмірден баз кешкендей көңілді аңғартса, бірде:

Іздеймін бір жоғымды  
Іздеймін кеп сенделіп.  
Қарманған сол қолымды  
Алады бір қол келіп,- деген нәзік үмітінің дәнекерленіп, бақты менмұңдалап тұрғандай көрінгенімен, шолпақ бақыт ақын жүрегін тасқа ұрады.  
Табылған бұл жоғымнан Төбем көкке жетеді.  
Сол нәзік қол... қолымнан Сусиды да кетеді.  
Қуаныш қайта басылып, ақын жаны көкжиекпен ұштасқан шексіз теңізді шарлаған шағаладай шарқ ұрады.  
Сірә, ұлы Абайдың:  
Сап, сап, көңлім, сап, көңлім!...  
...Өртенесің, жанасың,  
Өз-өзіңнен бейнетке  
Өз басыңды саласың,- деген аталы нақылын көңіліне қондырмаса керек. Жоқ, олай, айтуға, тіпті, қақымыз жоқ. Мүмкін, асау сезімін ақылға жеңдіргісі келген шығар. Бірақ, махаббат дерті асқынып, тұсау бермес тағыдай құрық салдырмаған болар, кім білсін? Тек қыспаққа алынған көңілден ғана әсем жыр туады. Сондықтан Жұматай мұңы, ол тұдырған жыр-оқырманға азық, сарқылмас қуаныш. Мұны да ұмытпайық.

Әрине, Жұматай - ерекше жаратылысымен дараланған дүлдүл ақын. «Қайрат жігері де жетерлік. Пессимизм тайғағына сұлай берместен, ес жыйып, болашаққа тұнық көзбен қарау қажеттілігін түсінеді».

Ой кешсем де мұншама күн;  
Емтиханнан бекер құлап.  
Табиғаттың бір сабағын Оқымаған екем бірақ.  
Оқырмын мен өзге әлібін,  
Ал мынаны ұғу бөлек.  
Адам жаны өз мамырын,  
Қайта оралтып тұру керек.  
Шоқтығы биік оптимизм. Өмірдің сан-салалы белестерінен сан сүрінсе де, жарқын болашаққа сенімін өшірмей, алысқа үмітпен қарайды.

Көңілдегі қаһарлы қыстан соң, жайдары көктемді оралту қажеттігін ескертеді. Оңсыз өмір мәңгісіз де сәнсіз соқпаққа ұрынбақ.

«Ақын- өз елінің жыршысы». Қай ақын болмасын, өз елін шексіз сүйу үшін, ең бірінші туған жеріне деген сүйіспеншілігі шексіз болуы шарт. Жалқыдан жалпыға көшкенде ғана сезімдер өміршең келмек. Отанға сүйіспеншілік те туған жердің жасыл шалғынын жырлаудан бастау алмақ. Жұматай да «кіндік кесіп, кір жуған» өлкесін өлең өрнегімен еркін әспеттеп, перзенттік махаббатын шебер жеткізе білген. «Туған жерге» өлеңінде мынадай шумақтар бар:

Аршалыдан алты қанат үйлер көп,  
Бас үйткен де, шақырған ба көп елді?

Үнді үйреткен әбжылаңдай иреңдеп,

Ақ түтіндер көк түбіне жөнелді.

Ғажайып сурет! Ақын жүрегі туған жерінің әрбір тасын құмарлана құшқысы келеді. Тіпті, «үнді үйреткен жыландай ақ түтіндер» де сондай ыстық.

Туған жерім, әлемдегі ел түрлі Таңдай қаға қарауы үшін мың сан күн.

Әспеттеуге, бейнелеуге көркінді Тілімнің бар акварелін жұмсарын,- деп перзенттік парызына адал екендігін аңғартады. Осы ойын «Атамекен» өлеңінде де дамыта түседі: Өзені өлең айтқан таныс үнмен, Бабамның тері тамып, қаны сіңген. Түбінде әр тасының айқас өткен, Өлкемнің шығарсам-ау дыбысын мен.

Сонымен қатар, осы тақырыпқа арналған «Суықсайда», «Арысқа барғанда», «Сарноқайға сәлемдеме» т.б. әсем жырлары бар. Әсіресе «Сарноқайға сәлемдеме» өлеңі өзгелермен салыстырғанда көркемдік ерекшелігі жоғары туынды деуге болады. Негізінен Жұматай-оқымысты ақын. Сол себепті, оның өлеңдерін қаймана қазақ түсіне бермеуі мүмкін. Тек тарих пен философиядан сусындап даралар ғана мағынасына терең бойлай алатын өлеңдер аз емес. Бұл қасиет туған жер тақырыбына арналған өлеңдерінде де аз емес:

Шындарында шынар да, қыран да көп,

Жер жүзінде көркі бар тұрар бөлек.

Аристотель: «Адам да, табиғат та,- Айттып кеткен,-көркем бір шығарма», -деп.

Жоғарыдағы шумақ қарапайым ғана мысал. Бәлкім баз біреулер үшін Аристотель есімі таңсық емес те шығар. Бірақ, кітап бетіне қарауға артық сағаты жоқ шопан, диқан үшін Аристотель есімі экзотика іспетті. Жұматайдың басты ерекшелігі де- өз білімі мен ақындық дарынын ұшастыра білу қасиетінде. Жұматай көп біледі және білгенін өлең шумақтарына еркін сыйғызып, көркемдік қасиетін арттыра түседі. Жұматай өлеңдерінің өміршеңдігінің бір қыры осыдан болса керек.

«Өзі өлсе де, аты өлмеген» дарабоздарды ардақтап, санадан сандалтпау әрбіріміздің қасиетті борышымыз. «Өлсе орны қара жер емес», атойлай соққан нұрлы жүректер болуы парыз. Ондай есімдер барлық халықтың қордалы тарихында алтын әріптермен таңбаланған. Қазақ халқында да мұндай есімдер аз емес. Құдайға тәубе, кейінгі буын аға буынның ардақты есімдері мен бағаналы еңбектерін ұлықтап, барыша қастерлеуде. Дәлелі ретінде ескерткіштер соғып, митингілер мен мүшәйралар ұйымдастыруда. Ал ақындар өлең жолдарымен өшпес ерек оюда. Мұндай жандардың есімі ел есінде мәңгі қалары анық. Ал ақынның өлеңдерінде өрлімек...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Ж.Жақыпбаев «Кенежирен» Алматы – 2005ж, Паритет
  2. З.Елғондинова «Менің ертегім» Алматы – 2005ж
  3. А.Хаметов «Поэзия шыңы - даналық»
  4. Ө.Тәжібаев «Өмір және поэзия» Алматы – 1960ж
  5. С.Иманасов «Жұматай» Парасат журналы, 2007ж, N10
  6. Х.Жүкел «Жас қазақ», 2006ж,
  7. Жыр жұлдызы Жұматай. Шымкент келбеті – 2005 ж. № 27
  8. Ө.Қодар. «Дәуір биігіндегі жаңашыл ақын». Руханият – 2005 ж.
- Кәусар ӘБДІҒАЛИ, 8-сынып оқушысы**



# БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ИНВЕСТИЦИЯ- ЛАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП БЕРДІ

**Зейнетақы активтерінің 2023 жылғы 1 қазандағы инвестициялық портфельдері** enpf.kz сайтында 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ҚРҰБ және ИПБ-ның зейнетақы активтерін басқару туралы есептері ұсынылды. Зейнетақы жинақтарын инвестициялау туралы толық есеп enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер - Инвестициялық қызмет» бөлімінде орналастырылған. Онда ай сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) зейнетақы активтерін басқаруы туралы ақпарат беріліп отырады. 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша зейнетақы активтерінің жалпы көлемі шамамен 17 228,7 млрд теңге болды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері – 17 216,9 млрд теңге. ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері 11,8 млрд теңге.

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі 2023 жылғы 1 қазандағы зейнетақы активтерін ҚРҰБ инвестициялауының негізгі бағыттары мынадай: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 47,2%, квазимемлекеттік компаниялардың облигациялары – 10%, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктің облигациялары – 5,02%, шет мемлекеттердің МБҚ – 4,1%, ҚРҰБ депозиттері – 3%, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары – 2,2%.

Зейнетақы активтері есебін сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлінісіндегі инвестициялық портфель 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша мынадай сипатқа ие: ұлттық валютадағы инвестициялар – 68,2%, АҚШ долларында – 31,8%.

Алынған кірістің құрылымын талдаудан бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі кірістер, оның ішінде орналастырылған салымдар мен «кері РЕПО» операциялары бойынша және бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер 1 069,8 млрд теңге, сыртқы басқарудағы активтер бойынша – 239,9 млрд теңге, шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер – 89 млрд теңге, өзге кірістер – 3,9 млрд теңге болды.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондай-ақ шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығы мен қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан 2023 жылдың басынан бері есептелген, 01.10.2023 ж. жағдай бойынша инвестициялық кіріс – 1 402,6 млрд теңге.

Салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі ағымдағы жылдың 9 айында инфляция мөлшері 7,2% болғанда, 8,9% көрсетті.

Бұл ретте 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша БЖЗҚ салымшылары (алушылары) үшін зейнетақы активтерінің табыстылығы соңғы 12 айда (2022 жылғы қазаннан 2023 жылғы қыркүйекке дейін) 10,14% болды.

Естеріңізге сала кетейік, зейнетақы жинақтарының оң нақты (жинақталған инфляциядан асатын) кірістілігі орта және ұзақ мерзімді келешекте қамтамасыз етіледі. ҚРҰБ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы және инвестициялық қызметке шолу БЖЗҚ-ның ресми сайтында орналастырылған. Атап кететін жәйт, Қазақстанда зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік беру моделі жұмыс істейді. ҚР Әлеуметтік кодексінің 217-бабына сәйкес мемлекет алушыларға зейнетақы төлемдеріне құқық алған сәттегі инфляция деңгейін ескере отырып, БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген жарналар мөлшерінде сақталуына кепілдік береді.

Инвестициялық портфельді басқарушылар ИПБ басқаруындағы қаржының жалпы көлемі – 11,8 млрд теңге. 01.10.2023 ж. жағдай бойынша «Jusan Invest» АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 4,5 млрд теңге болды.

Компанияның ең маңызды салымдары: ҚР ҚМ МБҚ – 32,4%, Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 27%, ҚРҰБ ноттары – 23,7%, «кері РЕПО» – 10,4%, шет мемлекеттердің МБҚ – 6,4%. Атап кетейік, портфельдің 66,5% теңгемен; 33,5% – АҚШ долларымен ұсынылған.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондай-ақ, шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан жыл басынан бері 2023 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша есептелген инвестициялық кірістің мөлшері 392 млн теңгеге жетті. Зейнетақы активтерінің ағымдағы жылдың 9 айындағы кірістілігі – 9,3%.

«Jusan Invest» АҚ басқаруындағы қаржы құралдары инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған. 01.10.2023ж. жағдай бойынша «Halyk Global Markets» АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері – 2,6 млрд теңге.

Портфель құрылымындағы негізгі инвесторлар: ҚРҰБ ноттары – 27,8%. ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 15,9%; «кері РЕПО» (күнтізбелік 90 күннен аспайтын) – 12,4%; МҚҰ облигациялары – 10,7%, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері

шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар – 8,4%, шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары) – 7,7%. Ұлттық валютадағы инвестициялар портфельдің 75,7%, АҚШ долларымен 24,3% болды.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде 2023 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша жыл басынан есептелген инвестициялық кірістің мөлшері – 347,4 млн теңге. Зейнетақы активтерінің ағымдағы жылдың 9 айындағы кірістілігі – 13,5%.

«Halyk Global Markets» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында жарияланған.

«BCC Invest» АҚ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері – 1,9 млрд теңге.

Инвестициялардың негізгі бағыттарының ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: ҚР мемлекеттік облигациялары – 26%; Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік облигациялары – 4,2%. Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 81,8%, АҚШ долларымен – 18,2% инвестицияланды.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жыл басынан есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 157,2 млн теңгеге жетті. Зейнетақы активтерінің ағымдағы жылдың 9 айындағы кірістілігі – 10,2%. Есептелген инвестициялық кірістің көп бөлігі «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақыдан және бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түсті.

«BCC Invest» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымын БЖЗҚ сайтынан көре аласыздар.

2023 жылдың 1 қазанында «Сентрас Секьюритиз» АҚ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері – 927,1 млн теңге.

Активтердің 57,28%-ы ҚР ҚМ МБҚ-на инвестицияланды; инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат 11,5%; «кері РЕПО» – 10,7%; Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған акциялар мен депозитарлық қолхаттар – 8,8%; квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары – 9,6%. Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 78,2%, АҚШ долларымен 21,8% инвестицияланды.

Инвестициялық қызмет және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі нәтижесінде жыл басынан бері есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 2023 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша 80,6 млн теңге болды. Зейнетақы активтерінің 9 айдағы кірістілігі – 8,2%.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ басқаруындағы қаржы құралдары инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған. 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша «Halyk Finance «Қазақстан Халық Банкі ЕҰ» АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері – 1 891,7 млн теңге.

Портфель құрылымындағы инвестициялар мынадай: ҚРҰБ ноттары – 26,3%; ҚР ҚМ МБҚ – 25,9%; Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 21,2%, «кері РЕПО» (күнтізбелік 90 күннен аспайтын) – 9,3%, Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 4,2%; шет мемлекеттердің МБҚ – 4,1%.

Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 86,5%, евро валютасында – 0,5%, АҚШ долларында – 13% инвестицияланды.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жыл басынан есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 57,3 млн теңгеге жетті. Зейнетақы активтерінің кірістілігі ағымдағы жылдың 9 айында – 12,1%. «Halyk Finance «Қазақстан Халық Банкі ЕҰ» АҚ басқаруындағы қаржы құралдары инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

Айта кетейік, БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін алғаннан кейін ИПБ оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 01 шілдедегі №62 қаулысымен бекітілген және ИПБ инвестициялық декларациясында көзделген инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында көрсетілген рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды. Зейнетақы жинақтарын ИПБ басқаруына аудару кезінде мемлекеттік кепілдігі басқарушы компанияның зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі кепілдігімен ауыстырылады. Кірістіліктің ең төменгі деңгейі нарықта ерекет ететін ИПБ басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған табыстылығына негіздеде отырып есептеледі.

Естеріңізге болсын, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап салымшылардың міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебін зейнетақы жинақтарының 50% аспайтын бөлігін инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына беру мүмкіндігі бар. Бұл ретте ең төменгі жеткіліктілік шегі ескерілмейді және басқарушы компанияны таңдау құқығы салымшыға беріледі. Ерікті зейнетақы жинақтары бар салымшылар оларды ИПБ басқаруына 100% көлемде бере алады.

# САХАРНЫЙ ДИАБЕТ – ЭТО НЕ ПРИГОВОР, А ОСОБЫЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ!



**С 2016 года на базе медцентра «Нур-Авиценум» функционирует первый в области специализированный стационар - Центр диабета. В первую очередь, деятельность центра нацелена на профилактические работы, чтобы свести к минимуму причины появления заболевания.**  
**В центре, впервые реализуется мультидисциплинарный подход к лечению диабета первого и второго**

**типа. В условиях клиники возможно консультирование – профессорами из ведущих 69 стран мира.**  
**По словам специалистов центра, в настоящее время сахарный диабет уже не является заболеванием, которое бы отнимало у пациентов возможность нормально жить, работать и заниматься спортом. При соблюдении диеты, современных возможностях лечения инсулинотерапии жизнь пациента с**

*диабетом ничем не отличается от жизни здоровых людей.*

*Стоит также отметить, что лечение в центре является бесплатным по направлению. Одновременно могут проходить лечение до 25-и человек. Все услуги центра доступны для граждан в рамках ГОБМП и ОСМС.*

*Одной из них является жительница села Матай Аксуского района Гульнара Кошкенбаева. Она в плановом порядке 2 раза в год проходит профилактическое лечение в Диабет центре.*

*«Я живу в селе Матай Аксуского района. Стою на учете с диабетом. Каждые полгода в плановом порядке через портал получаю направление на профилактическое лечение в диабет центре клиники «Нур-Авиценум». В течение недели под наблюдением врачей получаю все необходимое лечение, за счет чего глюкоза в крови понижается от 12-13 микромоль до 5-4 микромоль», - рассказывает пациентка.*

Филиал по области  
Жетісу НАО «Фонд  
обязательного социального  
медицинского страхования»

# ЗА ГОД ПЕНСИОННЫЕ НАКОПЛЕНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ ВЫРОСЛИ БОЛЕЕ ЧЕМ НА 3 ТРИЛЛИОНА ТЕНГЕ

**Ключевые показатели ЕНПФ на 1 октября 2023 года**  
**Более 17,2 трлн тенге накоплено в ЕНПФ на 1 октября 2023 года на индивидуальных счетах вкладчиков (получателей). За год пенсионные накопления выросли более чем на 3,1 трлн тенге (или на 22,1%). Только с начала года их прирост составил порядка 2,6 трлн тенге (17,5%).**

96,78% накоплений казахстанцев образовано за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ). На 1 октября 2023 года объем ОПВ превысил 16,67 трлн тенге, увеличившись за год на 21,9%. Сумма пенсионных накоплений по обязательным пенсионным взносам (ОПВ), которые платят работодатели на пенсионные счета работников вредных и опасных профессий, составила 549,58 млрд тенге, увеличившись с 1 октября минувшего года на 30,1%, с начала текущего года - на 23,4%. Максимальный годовой прирост (59,3%) продемонстрировали накопления по добровольным пенсионным взносам (ДПВ), объем которых составил 4,92 млрд тенге. Увеличение этих показателей произошло благодаря входящим

потокам - пенсионным взносам и инвестиционным доходу. Сумма пенсионных взносов за 9 месяцев 2023 года составила 1,55 трлн тенге, это на 25,4% или на 314,4 млрд тенге выше показателя аналогичного периода прошлого года. Рост на 25,4% произошел по ОПВ, а также по ОПГВ. Чистый инвестиционный доход, начисленный на индивидуальные пенсионные счета вкладчиков ЕНПФ с начала года составил порядка 1,4 трлн тенге, что выше прошлогоднего показателя на 91,1%. Напомним, инвестиционный доход за 9 месяцев прошлого года составлял порядка 716,8 млрд тенге. Количество индивидуальных пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 октября 2023 года сложилось на уровне 12,27 млн единиц, в том числе по ОПВ - порядка 11,06 млн, ОПГВ - 630,07 тыс., ДПВ - 387,7 тыс. С начала года ЕНПФ выплатил порядка 405,66 млрд тенге. Выплаты по возрасту превысили 109 млрд тенге, что на 25,5% выше по сравнению с аналогичным периодом прошлого года. Их доля в общем объеме выплат составляет порядка 27%. Единовременные пенсионные

выплаты на улучшение жилищных условий и лечение составили 198,75 млрд тенге, что меньше показателя аналогичного периода прошлого года на 77%. Тем не менее доля ЕПВ в общем объеме выплат все еще составляет 49%. Также с начала года осуществлены выплаты по наследству - более 39 млрд тенге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы Казахстана - 29,78 млрд тенге, выплаты по инвалидности - 2 млрд тенге, выплаты на погребение - 5,14 млрд тенге. В страховые организации переведено 21,9 млрд тенге. Размер средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ (в связи с достижением пенсионного возраста) составил 32 126 тенге, а максимальной суммы ежемесячной выплаты - 742 692 тенге. Напомним, за этот же период прошлого года средняя ежемесячная выплата по графику составила 29 868 тенге, максимальная - 707 326 тенге. Вся актуальная информация о статистических данных по пенсионным активам, в том числе в разрезе регионов республики, размещена на сайте enpf.kz в разделе «Показатели».

# ЧИСТЫЙ ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ДОХОД ВКЛАДЧИКОВ ЕНПФ ЗА 9 МЕСЯЦЕВ 2023 ГОДА СОСТАВИЛ ПОРЯДКА 1,4 ТРИЛЛИОНА ТЕНГЕ

**Чистый инвестиционный доход, начисленный на счета вкладчиков ЕНПФ за 9 месяцев 2023 года, составил порядка 1,4 трлн тенге. Этот показатель выше показателя аналогичного периода прошлого года на 652,8 млрд тенге или 91,1%.**

Доходность по пенсионным активам ЕНПФ под управлением Национального Банка Республики Казахстан (НБРК) по состоянию на 1 октября 2023 года с начала года составила 8,89%, превысив инфляцию за аналогичный период (которая составила 7,2%).

Инвестиционный доход складывается из доходов в виде вознаграждения по ценным бумагам (вкладам и другим операциям), рыночной и валютной переоценки финансовых инструментов, доходов по активам, находящимся во внешнем управлении и т.д. НБРК и управляющие инвестиционным портфелем (УИП), в целях получения инвестиционного дохода размещают пенсионные активы в надежные финансовые инструменты разных секторов экономики в различных валютах в РК и за рубежом на долгосрочной основе. Диверсификация (разнообразие ассортимента инструментов и рынков инвестирования) инвестиционного портфеля обеспечивает сохранность и стабильную доходность пенсионных сбережений.

Инвестиционная доходность с момента основания накопительной пенсионной системы в 1998 году на 1 октября 2023 года растущим итогом составила 806,3% при инфляции за весь период 734,08%. Чистый инвестиционный доход, полученный с 1 апреля 2014 года (периода завершения объединения пенсионных активов в ЕНПФ) на 1 октября 2023 года составил порядка 8,3 трлн тенге. С учетом осуществленных выплат его доля в общем объеме пенсионных накоплений составляет 37,7%.

Напомним, что в Казахстане действует уникальная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции. В случаях снижения доходности в отдельном периоде, повлиявшем на накопленную доходность вкладчика при наступлении права на выплаты, компенсация разницы гарантирована государством.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Показатели/Инвестиционная деятельность».



# ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ, НҰРЫ ТАСЫСЫН



кім болса да көмегін аямайды, тіпті түнде тұрып сол мектепке келіп талай балаға көмек көрсеткені көпке белгілі. Біз ол дәрігерге тек алғыс білдіріп, сол шипалы қолымен көптің батасын алып отбасында бақытты жүргенін тілейміз. Осы қаңтар айынан бастап Бақтыбай амбулаториясына көшіп кетті. Біз ауылымызда осындай білікті маман өз мамандығын жақсы меңгерген алтын қолды дәрігеріміз барын мақтан тұтамыз. Осындай дәрігерлер көп болса қандай жақсы.

Ескелді ауданының Бақтыбай ауылында Ельтайдың орта мектебі Сәкен Сейфулинда 2000 жылдан бастап тіс емдейтін орын ашылғанда, 2009 жылдан бастап сол орынға қандасымыз мемлекетінен келген қыз дәрігер болып орналасты. Ол оқушы балаларды аяғы ауыр әйелдерді, пенсионерлерді және мүгедек адамдарды емдеп бастады. Жылы шырайлы ол қыздың есімі Бекен Базаргүл. Ауырып келген үлкен болсын кіші болсын қашанда күлімдеп қарсы алғаны ауырып келген адамның жанына шипа бергендей. Осы қыз ауылға келгені келгелі бері қалаға далаға жүгірмей ауыл адамдары разы. Түнде болсын күндіз болсада жүгіріп барсаң

Үлкен, кіші, кәрі жас, бастық, қара демей барлығы тек адам ретінде ол дәрігеріміздің балаларға кішіпейілдігін айтып жеткізе алма-спыз. Себебі: сол Сәкен Сейфулин орта мектебінде 700 дей оқушы оқиды. Барсаңыз балалар тәте тәтелеп еш қорықпай тісін жұлдырып емдетіп кіріп шығып жатады. Негізі байқап қарасаң ең қорқынышты маман иесі стоматолог қой. Бірақ сол кабинеттен балалардың үні де шықпайды. Соны көргенде онда барған үлкен адам да өзі жанына дауа тапқандай болады. Жанындағы медбикесі де әлі де бірге халыққа қызмет көрсетуде.

Еңбек жолын 2004 жылдан бастады. Моңғолия астанасы Улан Ба-

тыр қаласында мектеп бітіргеннен кейін жеке меншік ауруханаға жұмыс бастады онда екі жылдай жұмыс жасап 2006 жылы қаңтар айында ұстазы Огон деген жеке ауруханамен бірге жұмыс жасады. Білмегенімді үйрендім. Ұстазымның ең әуелгі адамдық қасиет дегенді үнемі жадымда сақтадым. 2000 жылы Қазақстанға келіп Талдықорған қаласы орталық тіс емханасында жұмыс жасадым. 2009 жылы Ескелді ауданына өтініш жазып осы аулаға жұмысқа кірдім. 15 жыл үзбей жұмыс жасап жүрмін. Жұмыс жасаған уақытында еш адамнан жамандық естімедім. 2004 жылдан бастап қандайда бір мамандық жоғарылатулар болса қалыспай қатысып келемін. Мысалы 2005 жылы балалар-21 ғасыр деген тақырыппен дермежүзі тіс дәрігерлерінің оқуын оқыдым. 2005 жылы «жаңа ғасыр эндодонтиясы» деген тақырып бойынша, 2007 жылы Япония «Aichi-Jakwin» университетімен Моңғолия университетінде біріккен тіс емдеу оқуын оқыдым. Қазақстанға келіп 2010 «Қазақстан Республикасында стоматологиялық мәселердің дамуы» С.Д.Асфендияров ұлттық медицина университеті. 2016 «Актуальные вопросы хирургического стоматологии». 2017 «Актуальные вопросы стоматологии» сияқты кітаптар оқып, шамасы келгенше маман жетілдіріп отырады.

Г.САЙМАСАЙҚЫЗЫ,  
Ескелді ауданының құрметті ұстазы

# ЖЫЛЫТУ КЕЗЕҢІНДЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Жылыту маусымында тұрғын үйлерде өрттердің пайда болуының негізгі себептері жылыту жүйесінің ақаулығы және конструкциялардың кемшіліктері, жылыту құралдарын тез тұтанатын заттарға тым жақын орналастыру болып табылады.

Жылыту маусымына басталғаннан бастап тұрғын үйлер мен пәтерлердегі тұрмыстық өрттердің саны артып келеді, олардың себептері көбінесе жылыту жүйелері мен қондырғыларын пайдалану, пешпен жылыту, электр желісін шамадан тыс жүктеу кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін өрескел бұзу, сондай-ақ қарапайым немқұрайлылық болып табылады. Сондықтан да өрттің алдын алу, жалпы қарапайым талаптарды орындау туралы алдын-ала қарастыру сияқты қиындықты тағы бір рет еске түсіру өте маңызды.

Келесі ұсыныстарды сақтай отырып, сіз жылыту маусымында үйіңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз ете аласыз:

- жаңа жылыту жабдықтарын орнату білікті мамандармен жүргізілуі тиіс;
- жылыту құралдарын пайдалану кезінде оқшаулауы зақымдалған электр сымдарын пайдалануға тыйым салынады.
- электр қыздырғыш құралдарды жанғыш заттардың жанына қоймаңыз.
- үйден шыққанда барлық электр жылыту құралдарын өшіруді ұмытпаңыз.
- жылыту маусымы басталар алдында және жылыту маусымы бойы әрбір үш ай сайын түтіндіктерді күйеден тазартуды ұмытпаңыз.
- есіктері жарамсыз, мұржалардан қабырғалардың ағаш конструкцияларына, аражабындар қаққаларына дейін жеткіліксіз жарықтары бар пештерді пайдаланбаңыз.
- пештің жанында пеш алдындағы парақ (өлшемі кемінде 70x50 см) бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

С.А.ГАППАРОВ,  
Панфилов ауданының ТЖБ-нің инженері а.қ лейтенанты

# ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен, «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру [www.eGov.kz](http://www.eGov.kz) «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» атты сервисі таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның көз келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған. Қызмет алуға үшін электрондық

сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру – соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;
- мемлекеттік бажды он-лайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;
- қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӘМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

Айдын БОЛАТҰЛЫ,  
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Жетісу облысы бойынша Департамент бастығы аға әділет кеңесшісі

# ОСТОРОЖНОСТЬ, В ЭКСПЛУАТАЦИИ ГАЗА

## ПРИ ЗАПАХЕ ГАЗА В КВАРТИРЕ



### НЕОБХОДИМО

В Ескельдинском районе более 90% населения, проживающих в частном жилом секторе используют газовые баллоны, наравне с пользой он представляет реальную опасность каждому гражданину вследствие неправильной эксплуатации. В любой момент может произойти утечка газа.

Баллоны, с видимыми физическими повреждениями, просроченными сроками испытаний и эксплуатации применяются внутри «многоэтажек» на газовом оборудовании, которое в течение многих лет профилактически не обслуживалось - это одна из основных причин происходящих чрезвычайных ситуаций и пожаров в многоэтажных жилых домах.

Согласно Закона РК «О газе и газоснабжении» розничная реализация сжиженного газа в бытовых баллонах осуществляется газосетевыми организациями и владельцами газонаполнительных пунктов, которые обязаны обеспечи-

### НЕЛЬЗЯ

использовать исправное техническое состояние бытовых баллонов. Запрещается хранение и (или) использование сжиженного нефтяного газа в бытовых баллонах в жилых многоквартирных домах этажностью более двух этажей.

Так же соблюдая элементарные правила пожарной безопасности жители должны обеспечить сохранность и содержать в чистоте газовое оборудование. При сильном появлении в помещении запаха газа, перекрыть краны к приборам и на приборах, открыть окно и форточку и вызвать аварийную службу «104». Запрещается самовольно производить газификацию дома, замену и ремонт газового оборудования.

Ербол ТУЛЕНДИНОВ,  
инженер ОЧС  
Ескелдинского района  
старший лейтенант  
гражданской защиты



# КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ТҰРАЛЫ ЖӨНІНДЕГІ 2021-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҰЛТТЫҚ ЖОБА ШЕҢБЕРІНДЕ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТТАР БЕРУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

## НАВАРЛАНДЫРУ

Хабарландыру

2023 жылғы 15 қарашадан 21 қарашаға дейін БЭК сайтында <http://esportal.kz> /Ескелді ауданы әкімдігінің «Қарабұлақ» ШЖҚ/МКК орталық қазандығы үшін «қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі, Қарабұлақ ауылы, Әуезов көшесі 21А, Ескелді ауданы, Жетісу облысы. Ескелді ауданы, облыс әкімдігінің «Қарабұлақжылу» ШЖҚ/МКК бастамашысы Жетісу, Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 67 үй, БСН 111140012498, тел 87019502367, e-mail: gkr\_karabulak@mail.ru. өзірлеуші: «Экология» ЖҚ, тел:87773433466, Талдықорған қаласы, Назарбаев көшесі 120/50, ЖСН 841124401600 e-mail: Afanasieva\_olga@mail.ru. Жоба материалдарымен сайттан танысуға болады: [esportal.kz](http://esportal.kz). Жетісу облысының Табиғи ресурстар басқармасы, тел. 8(7282)32-92-67, [zhumadilova.kamshat@mail.ru](mailto:zhumadilova.kamshat@mail.ru). Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26. ЖАО сайтына сілтеме <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-taldyqorgan?lang=kk> ескертулер мен ұсыныстар сайтта қабылданады: [esportal.kz](http://esportal.kz). «жарияланған қоғамдық талқылаулар» айдарында және [zhumadilova.kamshat@mail.ru](mailto:zhumadilova.kamshat@mail.ru).

Объявление

С 15 ноября по 21 ноября 2023г на сайте ЕЭП <http://esportal.kz> проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений, по разделу «Охрана окружающей среды» для центральной котельной ГКП на ПХВ «Қарабұлақжылу» акимата Ескельдинского района с.Карабулак, ул. Ауезова 21А Ескельдинский район Область Жетісу. Инициатор ГКП на ПХВ «Қарабұлақжылу» акимата Ескельдинского района, Области Жетісу, с.Карабулак, улица Оразбеков, дом 67, БИН 111140012498, тел 87019502367, e-mail: gkr\_karabulak@mail.ru. Разработчик: ИП «Экология», тел. 87773433466. г.Талдықорған, ул.Назарбаева 120/50, ИИН 841124401600 e-mail: Afanasieva\_olga@mail.ru.

Ознакомьтесь с материалами проекта можно на сайте: [esportal.kz](http://esportal.kz). Управление природных ресурсов области Жетісу, Тел.8(7282)32-92-67, [zhumadilova.kamshat@mail.ru](mailto:zhumadilova.kamshat@mail.ru), г.Талдықорған, ул. Кабанбай батыра, 26. Ссылка на сайт МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-taldyqorgan?lang=kk>. Замечания и предложения принимаются на сайте: [esportal.kz](http://esportal.kz); в рубрике «Опубликованные публичные обсуждения» и [zhumadilova.kamshat@mail.ru](mailto:zhumadilova.kamshat@mail.ru).

Тұрғындардың назарына!

Қайнарлы ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік қызметтің 4 түрін көрсететінін хабарлаймыз. Олар:  
1. Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру  
2. Сауда-сатық (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекеттік меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарын алу.  
3. Жер учаскелерін алу үшін кезекке қою.  
4. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру  
Аталған қызметтер «Е-лицензиялау» порталы арқылы көрсетіледі. Сондай-ақ, әкімдік ғимаратында осы мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша ережелері орнатылған ақпараттық стенд бар екендігін хабарлаймыз

Вниманию жителей!

Доводим до Вашего сведения, что Аппарат акима Кайнарлинского сельского округа оказывает 4 вида государственных услуг. Такие как :  
1. Предоставление земельного участка из земель поселка, села.  
2. Выдача решения на изменение целевого назначения.  
3. Приобретение прав на земельный участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведение торгов (аукционов)  
4. Постановка на очередь на получение земельного участка  
Данные услуги оказываются через портал Е-лицензирование. Также сообщаем что в здании акимата имеется информационный стенд на котором размещены правила оказания государственных услуг.

## БЛАГОДАРНОСТЬ

Выражаем искреннюю благодарность и глубокую признательность Районному акимату, органам опеки и карабулакской средней школе за оказанное доброе дело. Желаем всем крепкого здоровья, благополучия и успехов во всех начинаниях на благо нашего народа!

В.И.МАКШАНОВА

Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет о начале подписной компании на 2024 год!

Наш ИНДЕКС:

Физ.лицо - 65535 Юр.лицо - 15535

Сумма подписки:

Физ.лицо:

6 мес. - 2 284,80 тг год - 4 569,60 тг

Юр.лицо:

6 мес. - 2947,80 тг год - 5 895,60 тг

ПОДПИШИСЬ НА НАС!

Подписчикам при публикации предоставляются скидки! Наш электронный адрес: [eskeldi\\_eli@mail.ru](mailto:eskeldi_eli@mail.ru)

Кәсіпкерлер мемлекеттік грант қаражатын келесі мақсаттарға пайдаланады:

- 1) тауарларды шығару немесе қызметтер көрсету үшін қажетті негізгі құралдарды (оның ішінде негізгі құралдарды салу/жаңғырту/реконструкциялау/ күрделі жөндеу), шикізат пен материалдарды сатып алу;
- 2) материалдық емес активтерді сатып алу;
- 3) технологияны сатып алу;
- 4) кешенді кәсіпкерлік лицензияға (франчайзингке) құқықтарды сатып алу;
- 5) зерттеу жұмыстарына және (немесе) жаңа технологияларды енгізуге байланысты шығыстар.

Конкурс өткізу туралы хабарландыру  
Конкурсты ұйымдастырушы: Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы.  
электрондық пошта мекенжайы: [drp\\_mb@mail.ru](mailto:drp_mb@mail.ru);  
байланыс телефоны: 8 (7282) 32 93 91  
Конкурстың нысанасы: кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру

Конкурс нысаны: ашық конкурс.  
Конкурсқа қатысу үшін өтінім беру орны: KEZEKTE.KZ субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы.  
Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі: конкурсқа қатысу үшін үміткерлер бекітілген нысан бойынша электрондық өтінім мен конкурстық құжаттаманың толық пакетін ұсынады.  
Өтінімдерді ұсыну мерзімі: 2023 жылғы «06» - «10» қарашаны қоса алғанда дейін.  
Көрсетілген мерзім өткеннен кейін түскен өтінімдер қабылдауға жатпайды.

Осы хабарландырумен және конкурстық құжаттамамен өңірлік үйлестірушінің ресми сайтында танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=rz>

«Көкжазық ауылдық округі әкімі аппараты» ММ

Мемлекеттік грант қаражатын өзге мақсаттарға пайдалануға жол берілмейді!!!

ГРАНТҚА ӨТІНІШ БЕРУ ОҢАЙ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ

1. ЭЦҚ АРҚЫЛЫ КЕЗЕКТЕ. КЗ ПОРТАЛЫНДА ТІРКЕУ (жеке кәсіпкер ретінде тіркелу)
2. КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ТҰРАЛЫ ЖӨНІНДЕГІ 2021-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҰЛТТЫҚ ЖОБА ШЕҢБЕРІНДЕ ЖАҢА БИЗНЕС-ИДЕЯЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА АРНАЛҒАН ГРАНТТАР БОЙЫНША ЖАДЫНАМА
3. КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНДА ЖОБАНЫ ҚОРҒАҒЫЗ (кәсіпкер өзінің бизнес-жобасын конкурстық комиссия отырысында жеке өзі таныстырады)
4. ГРАНТ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ 5 ЖҰМЫС КҮНІ ІШІНДЕ КЕЗЕКТЕ. КЗ ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ ЖАРИЯЛАНАДЫ

Жұмыс орны: Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы ММ  
Мекен-жайы: Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26, оң жақ қанат, 3-қабат, 303 кабинет. Тел: 87282 32-93-91

### Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 5 млн. теңгеге дейін МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ ұсыну бойынша конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдау мерзімі 2023 ЖЫЛҒЫ 06-10 ҚАРАША АРАЛЫҒЫНДА

Мемлекеттік гранттар ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, оның ішінде ісін жаңа бастаған жас кәсіпкерлерге экономиканың басым секторларында өтеусіз негізде беріледі!

Қатысушылар: ЖЖ/ШҚ (тіркеу мерзімі 3 (үш) жылдан аспауы қажет), Жетісу облысында тіркелген, салықтық және өзге де ЖШС-ке қатыспауы тиіс болмайды.

Қажетті құжаттар: PDF форматында: Құрылым бойынша Бизнес-жоспар, Жұмыс орындары туралы анықтама (қызметкерлер болған жағдайда), Ескерту мерзімі 3 жылдан асатын Маусу Бизнес-сертификаты, Бизнес-жобаны іске асыруға арналған шығыстарды кемінде 20% мөлшерінде қоса қаржыландырудан болуы (бизнес-жоспардан айналу), Кәсіпкердің экономикалық басым секторларында қызметті жүзеге асыруы туралы мәліметтермен ЖЖ тіркесу туралы хабарламаның көшірмесі (ЭҚЖ бизнес-жоспар бойынша көрсетуі тиіс).

Міндетті шарттар: Жұмыс орындарын құру, Кәсіпкерлік және үлесі 20% Бұрын пайдалануда болған негізгі құралдарды жабдықтау сатып алуға тыйым салынды. Конкурс толығымен автоматтандырылған, құжаттарды қабылдау КЕЗЕКТЕ.КЗ порталда жүзеге асырылады.

Міндетті критерийлер: Бізнес-идеялардың жаңашылдығы; Бізнес-жобаның басқару қабілетінің (нарықтық қажеттілікті таныстыру – маркетингтік талдау); Бізнес-жобаның қолданысқа енгізуге дайындығы (ондестік ұсыныстары мақселінің тиімдісіз, жобаны орналастыру үшін ұй-жақтың, отқазу нарығының болуы, ондестікке қосу үшін жобаның аздық деңгейі).

Грант қаражатын астыдағы нәтижелерге пайдалануға болмайды. Жылжымайтын мүлкті немесе жер учаскесін сатып алуға; Жалдау ақысы ретінде; Пайдалануда болған негізгі құралдардан (жобаның сатып алуға; аффилирленген/байланысты компаниялардан/туғалардан сатып алуға; жеке аяқталмаған және аяқталмаған жауапкершілік сатып алуға (ерекшеліктерді сайттан қараңыз).

Конкурсқа қатысу үшін кәсіпкер бір өтінім ғана беруге құқылы. Өтінімдер конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде қабылданады.

### Төмендегі жағдайларда кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар берілмейді:

- ✓ қайта ұйымдастыру, тарату немесе банкроттық сатысындағы, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрған;
- ✓ салықтар мен мемлекеттік бюджетке басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі бар;
- ✓ жылжымайтын мүлкті жалға беру қызметінің негізгі түрі болып табылатын;
- ✓ мемлекеттік грант алуға өтінім беру кезінде ұсынылатын мемлекеттік грант көлемінің кемінде 20 % мөлшерінде бизнес-жобаны іске асыруға арналған шығыстарды қоса қаржыландыруды растамаған (бизнес-жобаға қатысатын ақшалай қаражатпен, жылжымалы/жылжымайтын мүлікпен);
- ✓ мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары тізіліміндегі;
- ✓ конкурсқа қатысушының кредиттік тарихына сәйкес қаржылық міндеттемелері бойынша мерзімі өткен берешегі бар;
- ✓ осы Мемлекеттік гранттар беру қағидалары шеңберінде мемлекеттік гранттар беру бойынша қолдау алғандарға (оның ішінде "Бизнес-тің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және "Бизнестің жол картасы – 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қолданылу кезеңінде);
- ✓ конкурс өткізілетін өңірге сәйкес келмейтін басқа өңірде тіркелгендерге және бизнес-жобаны іске асыруды жоспарлап отырғандарға берілмейді.

“ЖЕТИСТІККЕ БІРГЕ ЖЕТЕЙІК”

SHOP NOW

- ҰБТ/КТЛ/МАССАЖ
- ФИТНЕС/9-ҚҰМАЛАҚ
- SPORT /ГИМНАСТИКА
- ШАХМАТ/ШАШКИ

@araibilim.karabulak

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор **Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА.** Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: [Eskeldi\\_eli@mail.ru](mailto:Eskeldi_eli@mail.ru)

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрлік номері: № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 1232 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ